

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК  
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

**Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебі**

қолжазба құқығында

**Аткиева Алтынай Аскаровна**

**МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КОДТЫҢ РӨЛІ**

«7M041 Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша  
«7M04101-Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы

Бизнес және басқару  
магистрі дәрежесін алу үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші: \_\_\_\_\_ Н.Қ. Адалиев, магистр, доцент м.а.

Жоба қорғауға жіберілді: «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2022 ж.

Мемлекеттік саясаттың  
ұлттық мектебінің директоры: \_\_\_\_\_ М.Н. Абдыкаликова

**Нұр-Сұлтан, 2022 жыл**

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>	<b>3</b>
<b>БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>4</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>5</b>
<b>ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ.....</b>	<b>9</b>
<b>ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ.....</b>	<b>21</b>
<b>ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ТАЛДАУ.....</b>	<b>27</b>
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>40</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>42</b>
<b>ҚОСЫМША.....</b>	<b>45</b>

## Нормативтік сілтемелер

Магистерлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.

Қазақстан Республикасы бірінші Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, - атты Қазақстан халқына жолдауы.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген.

Қазақстан Республикасының бірінші Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығымен бекітілген.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Қазақстан халқына Жолдауы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» Қазақстан халқына Жолдауы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Қазақстан халқына Жолдауы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Қазақстан халқына Жолдауы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 2 қыркүйектегі «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына Жолдауы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына Жолдауы.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы.

Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қазандағы Заңы.

Қазақстан халқы Ассамблеясының (2025 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 148 Жарлығымен бекітілген.

## **Белгілер мен қысқартулар**

- ҚР – Қазақстан Республикасы
- БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы
- АҚШ – Америка Құрама Штаттары
- РФ – Ресей Федерациясы
- ММ – Мемлекеттік мекеме
- БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары
- НҚА – нормативтік құқықтық актілер

## Кіріспе

### Зерттеудің өзектілігі мен проблемасы

Стратегиялық құжаттарға талдау жасау барысында олардың өне бойында адам және адами құндылықтар, ұлттық құндылықтар, ұлт тұтастығы, ұлт татулығы мәселелері көтеріліп, мемлекеттілігімізді сақтау мен дамытуда бұлжымас мақсат-мүддімізге айналғандығы белгілі [1, 2].

Аталған бағытта жауапты мемлекеттік органдар мен арнайы институттар тиісті шаралар атқаруда. Мәселен, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, оның құрылымдық бөлімшелері, Рухани жаңғыру Департаменті, Этносаралық қатынастарды дамыту комитеті сонымен қатар, «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты, «Рухани жаңғыру» орталығы, Қазақстан халқы Ассамблеясы. Осы мекемелердің Стратегиялық құжаттарға негізделген арнайы жоспарлары бекітіліп, солардың төңірегінде қоғамдық сананы өзгерту, жаңғырту бағытында іс-шаралар жүргізілуде, оларға қаражат та бөлінуде. Ол үшін Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің арнайы бюджеттік бағдарламасы да бекітілген, оның мақсатының бірі, ақпарат, мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы, қоғамдық сананы жаңғырту, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, конфессияаралық және этносаралық келісім салаларында мемлекеттік саясатты іске асыру. Ал бағдарламаның нәтижелері осы мақсаттарда көрсетілген салаларындағы қызметінің 100% жұмыс істеуін қамтамасыз ету және «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруға тартылған халықтың үлесін 2022 жылы кемінде 32%, 2023 жылы кемінде 33% жеткізу. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2020 – 2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында айқындалған мақсаттарға, қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға бағытталған қызметін қамтамасыз етуге арналған шығыстардың есебі берілуде. Мәселен, «қоғамдық сананы жаңғырту саласындағы іс-шараларды өткізу» бюджеттік кіші бағдарламасы бойынша Министрліктің сайтында төмендегідей сипаттама мен шығыстар 1-2 кестеде көрсетілген [3].

1-кесте. Қоғамдық сананы жаңғырту саласындағы іс-шараларды іске асыруға және «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ-тың көрсетілетін қызметтеріне арналған шығыстар

Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жылғы жоспар	Жоспарлы кезең		
		2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
1	2	3	4	5	6	7
Іске асырылған әлеуметтік маңызы бар жобалардың саны (мемлекеттік тапсырыс)	бірлік	1				

1-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
Қоғамдық сананы жаңғырту аясында үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың қызметі шеңберінде қаржыландырылатын ҮЕҰ жобаларының саны	бірлік		1			
Мемлекеттік тапсырма шеңберінде «Рухани Жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ-тың қызметі шеңберінде көрсетілген қызметтердің саны	бірлік	1	5	9	3	3
Этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты одан әрі сапалы іске асыру, Қазақстан халқының бірлігін нығайту және қоғамдық бірліктің қазақстандық моделін насихаттау жөнінде ұсынымдар әзірлеу	бірлік		18			
Сапалы өткізілген қоғамдық-бұқаралық іс-шаралар саны	бірлік		10			
Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі тарихи архив материалдарын зерделеуді ұйымдастыру үшін жобалық офистерді құру бойынша қызметтер саны	бірлік			1		
Ескертпе: жоғарыда аталған бюджеттік бағдарламадан алынды [3]						

2-кесте. Шығыстар

Бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жылғы жоспар	Жоспарлы кезең		
		2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
1	2	3	4	5	6	7

2-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
Республикалық бюджет қаражаты есебінен қоғамдық сананы жаңғырту саласындағы іс-шараларды өткізу	мың теңге	407 772	2 187 71 9,9	1 189 233	916 089	916 088
Жиынында бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар	мың теңге	407 772	2 187 71 9,9	1 189 233	916 089	916 088
Ескертпе: жоғарыда аталған бюджеттік бағдарламадан алынды [3]						

Осы тұста назар аударарлық мәселе қоғамдық сананы жаңғырту қаражат мәселесінен гөрі сол қоғамдық сананы жаңғыртуға жасалып жатырған шарлардың қоғамға дұрыс берілуі, ұсынылу тәсілдері.

Ұлттық сананы жаңғыртуда белгілі бір шектеулер мен қатаң талаптар кертартпа әсер етуі мүмкін. Сондықтан, ұлттық код мәселесін ақырын, кезең-кезеңімен қоғамды дайындау арқылы енгізу мүмкін болады.

Осы тұста басты қиындық туғызатын мәселе ұлттық код терминінің нақты анықтамасының болмауы, ұлттық кодтың мемлекеттік басқарудағы қолданысының жеткіліксіздігі яғни, жергілікті мемлекеттік басқаруда жауапты тұлғалардың құзыретіне нақты бекітілмеуі.

Жұмыс барысында ұлттық код терминіне тұжырымдамалық анықтама беруге талпыныс жасалды. Әрине магистірлік жоба шеңберінде Ұлттық код пен жаңа Қазақстанның бейнесіне толық анықтама беру мүмкін еместігі белгілі. Бұл тіпті дәл қазіргі тарихи кезеңімізде зерттеу ұжымдарының қол жеткізуін де қиындатады себебі, ұлттық идея қоғамдық-саяси процессте пайда болады. Дегенмен, осы сұрақ төңірегінде дәлелді жұмыстардың көптеп жарық көруі осы проблемада неғұрлым негізді әрі жылдам нақтылыққа қол жеткіземіз деп есептейміз.

Сондықтан, ұлттық кодымыздың құраушы бөлігі дәстүр жалғастығын жаһандануға сай жаңғыртып таныту мәселесінің өзектілігі жылдан-жылға толастамауда.

**Жобаның мақсаты**

Мемлекеттік басқарудағы ұлттық кодтың рөлін жетілдіру (анықтау, енгізу) бойынша ұсыныстар әзірлеу

**Зерттеудің обектісі**

мемлекеттік басқарудағы ұлттық код

**Зерттеудің пәні**

мемлекеттік басқарудағы ұлттық кодты қалыптастыру механизмдері

**Зерттеудің міндеттері**

ағымдағы жағдайға талдау жасау;

ғылыми әдебиеттер мен халықаралық тәжірибені зерделеу;

сараптамалық таладау жасау;  
мемлекеттік мекемелерге ұсыныстар әзірлеу.

### **Зерттеудің гипотезасы**

Мемлекеттік қызметтегі ұлттық кодтың ролін анықтау мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттырады, этносаралық татулықты нығайтады.

### **Күтілетін нәтижелер**

Жобада ұсынылған практикалық тәсілдерді (Nudge теориясы) қолдану арқылы жалпы қоғамдық сана өзгереді. Мемлекеттегі этностар бір-бірінің дәстүрін жіті тану арқылы тұрмысын түсінеді, ұлтаралық келісім артады, тұтас ұлт құру, жаһандану үдерісіне ену үшін кең ойлау пайда болады, сана өзгереді.

### **Практикалық мәні**

Мемлекеттің көпұлттылық жағдайында мемлекеттік басқарудағы ұлттық кодтың ролін анықтау. Соның ішінде этностардың дәстүрлерінің байланысы, ол дәстүрлердің ортақ идеяны дәріптейтіндігін түсіндіру арқылы үнемі айтылып жүрген азаматтардың барлығы тең құқылы екендігі жеткізіледі.

### **Магистрлік жобаның жаңалығы**

Ұлттық код терминінің тұжырымдамалық анықтамсы беріледі;

«Қазақстан халқының 100 дәстүрі» жобасы ұсынылады;

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 29-бабына өзгеріс енгізу [4].



## Әдебиеттерге шолу

Белгілі бір тақырыпты зерттеу нысаны ретінде алған жағдайда оны ең әуелі жан-жақты зерделеген абзал. Бірнеше дереккөздерге сүйене отырып, жеке пікірінді, тұжырымыңды қалыптастыруға мүмкіндік алатынымыз сөзсіз. Сонымен қатар, жинақталған материалдар негізінде ғана нақты тәжірибеге бағыталған ұсыныс қалыптасып, жүзеге асырылуы әбден мүмкін.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында халықаралық тәжірибеге де жіті назар аударған дұрыс. Себебі мемлекеттік басқару мәселесі бір жылдың, тіпті бір ғасырдың және бір ғана мемлекеттің мәселесі емес.

Мемлекет – басқаруы үнемі қозғалыстағы құбылыс ретінде сипатталатын саяси құрылым екендігі белгілі. Мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы мемлекеттік басқаруға негізделеді. Халықтың әл-ауқаты аталған қызметтің маңызды көрсеткіші болып табылады [5].

Әлемде мемлекеттік басқаруды жетілдіру жолдарын іздестірудің үздіксіз процессі жүргізілуде, ал пандемия бұған жаңа серпіліс бергені сөзсіз.

Қазіргі кезде жүргізіліп жатырған жұмыстарда жаңа технологиялармен қатар сенім, құндылық және мотивация сияқты негізгі түсініктер сөз етілуде [6].

Әр істі кемеліне жеткізу үшін білім керек. Белгілі бір ілімді қабылдаумен қатар оны қолданысқа дұрыс енгізе алу да үлкен өнер. Бұл тұрғыда Әбу Насыр Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн еңбектерінде құнды мәліметтер келтірілген. Сонымен қатар, осы белгілі тұлғалардың шығармаларында мемлекеттік басқаруға ерекше ден қойылып, ауқымды зерттеу жұмыстары жүргізілген.

Мәселен, Әл-Фараби, жаратылысында әрбір адамға өз тіршілігі үшін және ең жоғары кемелділік дәрежесіне жету үшін көп нәрсе керек, ал мұны ол жалғыз жүріп таба алмайды және бұған жету үшін ол қандай да бір адам қауымын қажет етеді, дей келіп мемлекет құру қажеттілігін, оның құрылымын, оны басқару, мемлекет басшысы мен оған жақын тұрған адамдардың, оның тұрғындарының мінез-құлқына, адамгершілік қасиеттеріне, әділдікке, білімге, әсіресе, тұрғындардың бақытқа жету жолын ерекше танымдылығымен сипаттай отырып, зерттеген [7].

Қайырымды қала кемелденген, сырқатсыз денеге ұқсайды, ал оның барлық мүшелері тірі жанның өмірін аман сақтау үшін, оны барынша қызғылықты ету үшін бір-біріне көмектесіп отырады, деп жалғастырып, біздің ең басты құндылығымыз – адам өмірін айрықша ажыратып берген [7].

Әл-Фарабиден бір ғасыр кейін өмір сүрген Баласағұн да «Құтты білік» дастанында, «Бақ қонса адам, атақ-даңқы артылар», «-Біл, әділ жан – бір шынар, Тілі, ділі сөзіменен бір шығар. Әділдіктің заты - тұнған кісілік», «Мәңгілік бек болсам десең тегінде, Заңды құр да, зұлымды құрт елінде», «Халыққа табын, сеніп адал құлыңа, Бауырмал бол, түзу қара жұртыңа. Құмарлықты ақылыңмен қиғайсың, Білігіңмен нәпсіңді сен тиғайсың!», деп бақ-дәулет, білім, әділдік, билік, ашықтық, халыққа жақын болу жайын баяндаған [8].

Әл-Фарабидің, Адам бақытының шыңына жету үшін соған жетуді қалайтын адамның оны игерудің әдісі мен амалын табуды талап етеді, деуінің өзі жаңғырып жаңа әлемдік үрдістерге ілесіп отыру қажет екендігін көрсетеді [9].

Міне, біздің қазіргі заманғы жаһандану мәселесі сонау Әл-Фараби мен Баласағұнның еңбектерінен бастау алатыны белгілі.

Ал бертін келе, мемлекеттік басқару - мемлекеттің (оның құрылымдарының, негізінен мемлекеттік аппараттың, мемлекеттік органдардың жүйесі арқылы) оның билік күшіне сүйене отырып, оны реттеу, сақтау немесе қайта құру мақсатында адамдардың қоғамдық және жеке өміріне практикалық, ұйымдастырушылық және реттеуші әсері ретінде түсіндіріледі [10].

Сонымен қатар, әдебиеттерге шолу барысында мемлекеттік саясат пен мемлекеттік басқарудың байланысы, аражігіне назар аударылды.

Ал мемлекеттік саясат – мемлекеттік басқару органдарымен қоғамдағы мәселелерді, түйткілдерді шешу үшін қабылданатын шаралар яғни, мемлекеттік басқару органдарымен және қоғамдық институттармен әзірленетін жүзеге асырылатын, мақсат-міндеттердің, бағдарламалардың жиынтығы [11,12,13,14].

Сонымен, мемлекеттік басқару дегеніміз мемлекеттік басқару органдарының анықталған саяси бағытты жүзеге асырудағы мемлекеттік мәселелерді шешу мен қоғам өмірін реттеудегі қызметі.

Енді осы қызметтегі ұлттық кодтың ролін анықтау үшін келесідей зерттеу жасалды.

Мәселен, жазушы, тарих ғылымдарының кандидаты Б.Қойшыбаев қазіргі уақытта ауқымды қолданысқа енген код сөзіне құлыпты ашуға арналған кілт деп түсіндіруге болар. Егер қазақ халқының ұлттық коды десек сол қазақ халқының ғана болмыс-бітіміне сай, табиғатына, рухани жаратылысына тән, сол ұлттың салтын анықтайтын белгілер ұғынылады. Яғни, тамыры тарихтың тұңғық тереңінде жатқан қазақ ұлтының менталитетіне сай осы уақытқа дейін жоғары бағаланатын қадір-қасиеттері, нақты айтсақ қазақ ұлтының болмысының сырын ашып түсіндіруге арналған кілті деп анықтайды [15].

Әрбір этнос өзінің мәдени кодын жоғалтпаса ғана өмір сүреді және дамиды. Мәдени кодтың көптеген анықтамалары бар. Р.Барт мәдени кодты бұрыннан оқылған, көрген, істеген, басынан өткерген нәрселердің жаңғырығы деп анықтады; код – өткеннің ізі [16, 39 б.]. А.И.Кравченко мәдени кодты «белгілердің (таңбалардың) жиынтығы және белгілі бір ережелер жүйесі, олардың көмегімен ақпарат беру, өңдеу, сақтау үшін осындай белгілердің жиынтығы түрінде ұсынылуы (кодталуы) мүмкін» деп көрсетеді» ([17, 36 б.]). В.В.Красных мәдени кодтарды мәдениеттің қоршаған әлемге «лақтыратын», оны бөлетін, жіктейтін, құрылымдайтын және бағалайтын «тор» деп анықтайды. Мәдениет кодтары адамның ең көне архетиптік бейнелерімен сәйкес келеді. Дәлірек айтқанда, мәдениет кодтары бұл көріністерді «кодтайды» [18, б. 5]. Ол мәдениет кодтары мәдениеттің белгілі бір стандарттарын қамтитын және белгілейтін координаттар жүйесін құрайды (өз кезегінде тілде көрініс табады) деп есептейді [18, 5–19 б.]. К.Рапай мәдени код дегеніміз – адамдардың кез келген объектіге енгізетін және осы адамдар әлеуметтенген ұлттық мәдениеттің

әсерінен қалыптасатын санадан тыс мағыналар деп есептейді [20]. Мәдени код «мәдениеттің осы түрін, халықтар ата-бабасынан мұраға қалдырған қайталанбас мәдени ерекшеліктерді түсінудің кілті» дегенді білдіреді. Бұл мәдениетті анықтауға мүмкіндік беретін қандай да бір пішінде кодталған ақпарат. Мәдени код санадағы кейбір стереотиптермен байланысты бейнелер жиынтығын анықтайды. Бұл мәдени бейсаналық анық айтылған немесе жүзеге асатын нәрсе емес, түсінуден жасырылған нәрсе, бірақ іс-әрекетте көрінеді» [19]. Мәдени код әдетте ұлттық менталитет деп басқаша аталады.

Мәдени код немесе ұлттық менталитет мәселесі бүгінгі таңда мәдениеттанушылар, лингвистер, әлеуметтанушылар, философтар, саясаттанушылар үшін ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады, өйткені мәдени кодқа ие болу тек ұлттың мәдени ерекшеліктерін түсінуге ғана емес, сонымен қатар ұлттық менталитеттің ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі.

Қазіргі күрделі жағдайда өзінің ұлттық-мәдени ерекшелігін сақтау мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Ұлттық мәдениет өзінің ерекшелігін сақтап, болашаққа қозғалыс векторларын ұсына ала ма? Әлде бізге әлемдік мәдени кеңістіктің шеткері субъектінің тағдыры жазылды ма? Бұл сұрақтар Ресей елінде де көтерілетіндігі белгілі: Ресей Президенті елінің болашағын орыс мәдени өзегі біріктіретін көпэтносты өркениет ретіндегі имиджін қалыптастыру мақсатын қойды. Ресей мәдениетінің болашағы туралы мәселелерді Мемлекеттік Думаның депутаттары, сондай-ақ ғылым, мәдениет және өнер өкілдері: ғалымдар, халық және еңбек сіңірген өнер қайраткерлері, режиссерлер, өнер қайраткерлері көтереді. Олар орыс халқына бірнеше қиын кезеңдерден өтуге, абыроймен женуге көмектескен орыс мәдениетінің рухани-адамгершілік, христиандық тамыры мен дәстүрлерінің маңыздылығын атап өтеді [21].

Сонымен, ұлттық код – ең әулі, ортақ тілімізде, дәстүріміз бен салтымызды, тұрмысымызды, мінезімізді анықтайтын ұлттық мәдениетте.

Ұлттық құндылықтарымыз білікті мемлекеттік аппарат құру жолында маңызды факторларды бірі болып табылады. Демек, қоғамымызда қызу талқыланып жатырған ұлттық идеология, құндылық, код мәселесін тиісті дәрежеде қолданатын уақытымыз келді.

«Ұлттық код» термині қоғамымызда 2017 жылдың 12 сәуірінде Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасынан кейін кеңінен таралып, талқылануда.

Бағдарламада, «XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі

кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық» [22], делінген болатын.

Аталған бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында түрлі шаралар жүргізілгені белгілі тіпті, біршама жарыссөздерде талқыланып, аталған ұғымды болашағымыз, жастарымыздың бойына қалай дарытамыз деген мәселелер де көтерілген болатын. Алайда, «Ұлттық код» терминімен барша жұртшылық бірдей таныс емес, өкінішті.

Ұлттық код ұғымын дұрыс қалыптастыру үшін осы екі сөздің нақты түсінігін анықтаған дұрыс.

Ұлт, ұлттық – адамбаласының этникалық, мәдени, әлеуметтік, саяси ерекшеліктеріне байланысты топтасуы. Мемлекет сөзімен синонимдес деп алсақ та болады.

Әлемде 2000 артық ұлт болғанымен, мемлекеттердің саны он есе кем, ірілі-ұсағын қосқанда 250-астам ел болса, оның 200-жуығы ғана тәуелсіз мемлекет.

Бұл деректер ойландырады. Себебі, 200-жуық мемлекеттің қатарында тәуелсіз статусына лайықты болып қала беру үшін ұлттық құндылықтарымызды одан әрі нығайтуымыз қажет.

Көпұлттылық ол біздің ұлтаралық татулықты сақтап, бейбіт өмірге деген ұмтылысымыздың белгісі, әрі жетістігі. Дегенмен, жеке ұлт ретінде дамуымыз әр өкіліміздің міндеті.

Код – таңба, белгі.

Осыдан ұлттық код ұғымын ұлтымыздың таңбасы немесе мемлекетіміздің белгісі деп түсіндірсек те болады.

Жоғарыда қалыптастырған түсінігімізден халқымыздың ұлттық болмыс-бітімі сан ғасырлармен қалыптасып, ұлтымыздың бойына генетикалық жолмен дарығандығын байқаймыз. Оған дәлел тарих беттерінен қанша рет жойылу мен түрлі күйзелістерден аман-есен қалуымыз яғни, ұлтымыздың рухы, бірегей ұлттық мінезі, ұлттық бітімінің көрінісі. Бұл қандай мінез деп ойланарсыз, ол жай ғана адамгершілік қасиеттер. Халқымыздың болмысын, тұрмыс-тіршілігін баяндайтын тарихи, әдеби еңбектерді қолымызға алсақ, «әдеп» ұғымы жоғары тұрғандығын түсініп, барлық байлық, мансаптан адами құндылықтың әлде қайда бағалы болғандығына куә боламыз. Қазір көп тұста ұлтымыздың тәрбиелік қасиеті бар «ұят», «әділдік», «әдеп» сөздерінің рөлі тиісінше атқарылмай, ал «ибалылық», «инабат» сөздері тіпті архаизм сөдерге айналып бара жатырған іспетті. Осының салдарынан да қоғамда сан түрлі әлеуметтік проблемелар легі қарқындауда. Себебі тәлім-тәрбие арқылы ғана қоғамымызға, тәуелсіз елімізге лайықты азамат өсіре алатынымыз сөзсіз [47,48,49,50,51].

Жұмысымызда ұлттық кодымыздың қоғамның дамуына тигізер әсерін көтеріп, философиялық талқыға немесе бұрынғыны жаңғыртып көшпелі заманға, киіз үйде тұруға, надандыққа шақырудан немесе әлемдік білімнен бас тартудан аулақпыз. Барлығы өз кезеңімен. Алайда, КСРО кезеңінде ұлттық құндылықтарымызды жойылуға әзер қалып, әлі күнге дейін толық қалпына келтіре алмай жүргендігіміз ащы да болса шындық.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың мақаласы біраз мәселенің басын ашып берген болатын.

Еңселі тәуелсіздігіміздің отыз жылдық жолында атқарылған шараларымыз бен жеткен жетістіктеріміз үш онжылдыққа бөлініп, сараланған. Президент бірінші онжылдықта атқарылған шаралардан ел еңсесі тіктеліп, ұлттық рухымыз көтерілгендігін атап көрсетіп, мақаланың өне бойы ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуде.

Қ.Тоқаев мақалада, «алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет» деп нақты мақсат қоюмен жұмысымызда талқылап отырған ұлттық қасиеттеріміздің озығы мен тозығын ажырату қажетігін айқындайды.

Сонымен қатар, Президент «Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, діліміз бен дінімізден айырылып қала жаздадық. Оның бәрі Тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды. Бірақ, ұлт пен ел ретінде сақталып қалу үшін бүгінгі және болашақ ұрпақ жаңа сын-қатерлерге дайын болуы керек» [23], деп ескертеді.

Президент мақаласында «Мәдени мұра» аясында қажырлы еңбек атқарылғандығы, бұған дейін бұлыңғыр болған тарих беттері ашылғандығына том-том болып жарияланған еңбектер дәлел екендігін айта келіп, алайда кейбір жобалардың зерттеу институттарының төңірегінде қалып қойғандығын меңзейді.

Мемлекет басшыларының еліміздің дамуына қоғамдағы кертартпа жағдайлардың ықпалын төмендетуге, азаматтардың патриоттық сезімдерін ұлттық құндылық пен сана арқылы дәріптеуге бағытталған бастамалары кеңінен таралып, нақты қолданысқа енуі қажет.

Ұлттық кодымызды бір сөзбен немесе бір қасиетпен сипаттау мүмкін емес. Сонымен қатар Жаңа Қазақстанның форматына сәйкес келетін ұлттық код қалыптастырылуы тиіс. Ол дегеніңіз ұлттық код түсінігін гуманизация идеясының тұрғысында бір этностың төңірегіне шоғырландырып қоюға келмейді. Қазіргі заман талабына сай сана өзгеріп, қоғамдық құбылыстар жаңғырып, ұлттық код - мемлекеттің тұтас барлық этностарының бірегейлігі мен мәдени-болмысын сақтап, біріктіретін ұлттық идеясы, символы деп тұжырымдаймыз.

### **Халықаралық тәжірибе**

Зерттеу тақырыбымызды ашу мақсатында оның шет елдердің мемлекеттік басқаруындағы көрінісіне талдау жасап, қарастырған дұрыс деп есептейміз. Осы мақсатта көпұлтты үш елді қарастырмақпыз.

#### **Сингапурлық ұлтқұрылысы**

Ұлттық қалыптасу процесін қарастырмас бұрын Сингапурдағы ұлттық бірегейлікті ерекше атап өту керек осы көп ұлтты жағдайында олардың арасында нақты айырмашылық болуы керек этникалық және азаматтық жеке басын куәландыратын. Сингапур жағдайында ұлт құруға бағытталған азаматтың жеке

басын куәландыратын «Сингапурлық Сингапур» - барлық этникалық сингапур ұлтының бірігу осы елдің халқын құрайтын топтар.

Сингапур - көпұлтты мемлекет, статистикалық мәліметтер бойынша төрт негізгі топтар – қытай, үнді, малай және «басқа».

Мұндай этникалық қосынды көші-қон процесі нәтижесінде пайда болған.

Егеменді Сингапур мемлекетінің құрылуымен қытай қауымдастығы этникалық құрылымның негізгі элементі ретінде тек әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірде жетекші рөл атқара бастады, сонымен қатар саяси қондырмада басым басымдыққа ие болды. Оған қатысты үндістер мен малайлықтар ұлттық азшылықтардың жағдайына тап болды. Қытай халқының  $\frac{3}{4}$  бөлігі үшін тәуелсіз Сингапурдың жариялануы малай әлемінде қалыптасуы ретінде қабылданды [24,25,26].

«Үшінші Қытай». ҚХР-дан бөлініп, Сингапурдың Оңтүстік-Шығыс Азияға тиесілі екенін дәлелдеу үшін ел басшылығы қытайлықтардан бөлек өз қауымдастығын құруға мәжбүр болды. Сондықтан жаңа мемлекет (ел) құрылымының негізі (расында этникалық құрамына сай біртекті) азаматтардың теңдігіне яғни, ұлтына, дініне және әлеуметтік жағдайына қарамастан көп ұлттылық жағдайында барлық азаматтардың жаппай теңдігі конституцияда белгіленген.

Сингапур елінде мемлекет құру саясаты екі кезеңде жүргізілді, осы кезеңдердің әрбірі нақты мақсаттарға жетуге бағытталған. 1965 жылы тәуелсіздік алған кезеңнен, 1980 жылдардың соңына дейін жалғасқан бірінші кезең прагматикалық құндылықтарға бағдарлануымен сипатталады. Бірінші кезеңнің бастапқы кезеңінде біріктіруші идея ретінде Оңтүстік-Шығыс Азияда егеменді тәуелсіз мемлекет ретінде «аман қал» ұраны алға тартылды.

Бұл кезеңдегі басым міндеттер: біріншіден, этникалық қауымдастықтар жағдайындағы экономикалық теңсіздікті азайту; екіншіден, әртүрлі этноәлеуметтік күштердің мүдделерін орналастыру мәселесін шешу; үшіншіден, қытай қауымын өзін үстем көпшілік сияқты ұстамауға және ұлттық азшылықтарды қыспауға сендіру қажет.

Елді жеделдетілген капиталистік даму жолымен жүргізуге ұмтылған үкіметтің қызметі жаңа ұлттық буржуазияның позицияларын нығайту болды. Соңғысы өз кезегінде ел экономикасының тез қалпына келуіне де мүдделі болды. Осы кезеңдегі негізгі іс-әрекеттер экономикалық базаны жеделдетіп жаңғыртуға және күллі халықтың жаппай өмір сүру деңгейін арттыруға, орта білім мен кәсіптік білім беру және оқыту жүйесін одан әрі жетілдіріп, дамытуға бағытталды. Жаңа ұлт құруда «меритократия» принципі негізге алынды. «Жаңа қоғам құрылысының» кезеңіндегі патриотизм, мемлекетке, жалпыұлтқа сүйіспеншілік, мемлекеттік рәміздер: ту, әнұран, елтаңба және тәуелсіздікті ерекшелеу, тамыз айындағы тәуелсіздік күнін жыл сайын жоғары дәрежеде мерекелеу ұлттық рәміздер қатарына қосылып, Сингапур халқының бірегейлігін жаппай насихаттау басты орынды алды.

Ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың саяси аспектісі үкіметтің өз азаматтарының адалдығын қамтамасыз етуге және тиісінше қоғамдағы

калыптасқан биліктің беделін және әлеуметтік тәртіпті қасиетті ететін моральдық принциптерді халықтың санасына енгізу арқылы саяси тұрақтылық.

Ақпараттық мекемелер, біріктірілген мектепке негізделген жаңартылған білім беру жүйесі, «малай, қытай, үнді және басқа ұлт өкілдерінің бір аймақта шоғырлануына жол бермеу үшін оларды шашыратып, араластыруға» бағытталған ауқымды тұрғын үй құрылысы, жалпыға бірдей әскери міндетті енгізу – осы аталғандар сингапур билігінің стратегиясының аса маңызды бөлігі, олар алғашқыда жаппай халықтың саяси жұмылдыру және ұйымдастырушылық әлеуметтендіру жоспарларын байланыстырды [24].

Сингапур мемлекетін құрудың екінші кезеңі 1980 жылдардың аяғына таман басталды, ол уақытта Сингапур экономика саласында біршама жетістіктерге қол жеткізді, бірақ модернизацияның желеуімен Батыстық мәдениеттің «индивидуализм», отбасының атомизациясы, материализм сияқты элементтерін әкелді. Осы жағдайларда Азия қоғамының мәдени құндылықтарын сақтау мәселесі туындады тек экономикалық өсудің Сингапурдағы ұлттық бірегейліктің жалғыз негізі бола алмайтыны белгілі болды - жаңа құндылықтарды құрудың шұғыл қажеттілігі болды. 1988 жылы қазанда Го Чок Тонг (сол кездегі премьер-министрдің бірінші орынбасары) алғаш рет ұлттық идеология тұжырымдамасын ұсынды. 1989 жылы Ли Сяньлун басқаратын парламенттік комитет құрылды. Ол ұлттық идеологияны дамытудың негізгі міндеттерін белгіледі, ол ең алдымен батыстандыру және азиялық мәдени бірегейлікті сақтау мәселесін шешу болып табылады, атап айтқанда: барлық этностар мен конфессиялар үшін ортақ құндылықтарды табу; әртүрлі қауымдастықтар мұрасын сақтау.

Сингапурдың ортақ құндылықтары туралы ақ құжат 1991 жылы 5 қаңтарда Парламентке ұсынылды, одан кейін жалпыұлттық талқылау, сондай-ақ Парламентте талқылау болды. 1991 жылғы 15 қаңтарда редакцияға екі түзету енгізілгеннен кейін Сингапурдың «ортақ құндылықтарына» айналған бес принцип қабылданды: қоғам мүдделерінің жеке тұлғаның мүдделерінен басымдығы; отбасы – қоғамның негізгі бірлігі; жеке тұлғаны қоғамдық қолдау және құрметтеу; қарсыласу емес, консенсус; қоғамдық келісім және діни төзімділік. Сонымен бірге, ұлттық құндылықтарға қайшы келмесе, әрбір қауымның өз құндылықтарын қорғауға құқығы бар екендігіне кепілдік берілді.

Мемлекеттің бұл саясатының нәтижесі «Сингапур Сингапур» үшін қатаң институционалдық инфрақұрылымды құру болды. Этникалық топтардың құқықтық теңдігі мен олардың ана тілдерінің егемендігіне негізделген көпұлтты мемлекет құру тәжірибесі бұл процестің өзара әрекеттесетін екі бағытта дамуын ынталандырады. Бір жағынан, әрқайсысы өзінің материалдық мәдениетін, тілін, өзіндік сана-сезімі мен өз атауын сақтайтын жекелеген этностардың бірігуі байқалады. Екінші жағынан, қытай этникалық тобының абсолютті үстемдігі жағдайында ағылшын тілінің негізінде әртүрлі этникалық топтардың жақындасуы және этникалықтан жоғары қалалық мәдениеттің ортақ элементтері байқалады<sup>10</sup>. Тіл мәселесі – мемлекеттік «ұлт құру» саясатының ерекше бағыты. Республикалық конституцияға сәйкес мемлекеттік тіл – малай тілі, ресми тілі – қытай тілі (бейжің диалектісі), малай тілі, тамил тілі және ағылшын тілі, соңғысы

әкімшілік тілі болып табылады [25].

1966 жылдың өзінде жалпы білім беру бағдарламасына екі тілді, ағылшын және ана тілдерін міндетті түрде оқыту енгізілді. Мектептер арқылы енгізілген ағылшын тілі «Singlish» деп аталатын көше формасына да ие болды.

Сингапур үкіметі жергілікті ағылшын тілін қолдануға жол бермейді және стандартты ағылшын тілін насихаттайды. Осы мақсатта Speak Good English (SGEM)11 бағдарламасы жұмыс істейді.

Сингапур өзін зайырлы мемлекет ретінде жариялағандықтан, жоғарыда көрсетілген діндердің қайсы бірі арнайы мемлекеттік дін болып белгіленбейді. Премьер-министр Ли Сяньлун: «Барлық топтар төзімділік пен ұстамдылық танытуы керек. Христиандар оның христиан қоғамы болады деп күте алмайды, мұсылмандар да буддистер, индустар және басқа топтармен бірдей мұсылман қоғамы болады деп күте алмайды... Бір топқа ғана қолданылатын ережелер барлығына қолданылатын заң бола алмайды».

Ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда мемлекеттің қоғамдағы этносаралық және конфессияаралық тұрақтылықты сақтау саласындағы саясаты ерекше орын алады. Премьер-министр Ли Сяньлун: «Біздің ұзақ мерзімді табысымыздың кілті - біздің әлеуметтік біртұтастығымызды және әсіресе ұлттық және діни келісімді сақтау».

Толеранттылық және зайырлылық ережелерін сақтау Сингапурда ұлттық бірегейліктің «негізі» болып табылады. Сонымен қатар, осы бағытта көптеген шаралар жүзеге асырылғанымен, «ұлт құру» саясатының мақсаты орындалды деп айтуға әлі ертерек екендігі көрсетіледі. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін ішкі және сыртқы факторлардың кертартпа әсерінің көп болуы кедергі [24,25,26].

Осы тұста Қазақстан Республикасындағы этносаралық, ұлтаралық қарым-қатынас мәселесі мен оның мемлекеттік басқарудағы жүзеге асырылуына назар аударған абзал.

Біздің мемлекетіміз үшін үлгі ретінде сингапурлықтардың ұлттық идеологиян дамытудағы негізгі міндеттерінің бірі барлық этностар мен конфессиялар үшін ортақ құндылықтарды табу мәселесін қарастыруға болады.

Жергілікті патриотизм және АҚШ-тың ұлттық қаһармандары

Американдық патриотизмнің тамыры тереңде. Егер сіз 20-ғасырға қарасаңыз, онда сіз 19 ғасырдың ортасынан бастап ұлттық мифологияда канонизацияланған кішірек ауқымдағы және жергілікті маңызы бар жарты құдайлар шокжұлдызын таба аласыз. Мысалы, Джефферсонның жеке басы туралы ұзақ және өткір пікірталастар болды. 1858 жылы ғана (негізінен Нью-Йоркте) Генри Рэнделл жазған үш томдық өмірбаян Джефферсонға қарсы мифтерді жоққа шығаруға елеулі негіз болған кезде ғана Джефферсон нағыз ұлттық қаһарман ретінде көріне бастады. Бенджамин Франклиннің ісі өте қызықты болды. Өз уақытында ол Пенсильванияда оның партиясына кірмейтін көптеген адамдар үшін күдікті қайшылықты тұлға болды. Ол жігерлі және жағымды адам болғанымен, оның революциядағы рөлі бастапқыда күмәнді болды және ешқашан ерекше көрнекті болмады. Ол өзінің қоғамдық қызметінің



маңызды бөлігін шетелде жүргізді. Оның бірде-бір шығармасы 1818 жылға дейін өз елінде жарияланбаған; 1836-1840 жылдары мәтінге тән қайта қараулары бар он томдық Sparks басылымы шықты, ал француз аудармасында алғаш рет жарияланған Франклиннің аяқталмаған автобиографиясы 1868 жылға дейін Америка Құрама Штаттарында толық жарияланбады. Франклиннің болмысында және іс-әрекетінде - бұл беймәлімдік, космополитизм және алшақтық араласқанда - оны ұлттық қаһарман рөліне жарамсыз ететін бір нәрсе бар еді.

Вашингтонның қасында тұруға қабілетті ұлттық қаһармандарды құрудың алғашқы қарқынды әрекеттері әлемдік деңгейдегі қайраткерлерге айналған Франклин мен Джефферсон сияқты көрнекті тұлғаларға бағытталмады. Оның орнына жергілікті патриоттар жергілікті материалды пайдалана бастады, ал алғашқы халық қаһармандары аймақтық бақталастық пен провинциялық патриотизмнің өнімдері болды: елдің рухани цементі әлі жеткілікті түрде күрт ауыстырылған жоқ.

Бұл процестің алғашқы өнімі Патрик Генри болды. Шешендік Вирджиния 1799 жылы қайтыс болғанға дейін аңызға айналды, бірақ оның кейінгі жылдары, Вашингтондағы сияқты, алалаушылықтың тұманында болды. 1795 жылдан кейін ол федералистік партияға қосылды, оны сайлауда ұсынды және өмірінің соңында Джефферсонның, Мэдисонның және оның көптеген ескі Вирджиния достарының ант жауына айналды.

Генридің өзінің Уимдері де бар. Вашингтон, Уимстің пікірінше, әмбебап мағынада ерекше тұлға болғанымен, Уильям Вирттің Патрик Генри ұлы Вирджиния болды. Вирджинияның жақсы білімді заңгері және әдебиетші Вирт Аарон Беррге қарсы прокурор болды және президент Монро кезінде Бас прокурор болды; ол бұл қызметте он жылдан астам уақыт болды. Шамамен 1805 жылы ол Патрик Генридің өмірбаянын жазу идеясын ойлады; оның 1817 жылы шыққан Патрик Генридің өмірі мен тұлғасы туралы жазбалары «Виргинияның жастарына» арналған. «Генри мырза Вирджиния халқының пұтына айналды... Оның нұры мен жылуы бүкіл материкке көрініп, сезілді және ол отаршылдық азаттық үшін ұлы күрескер ретінде танылды. Осылайша Вирджиния берген импульсті басқа колониялар қабылдады. Оның қарарлары барлық жерде прогрессивті рухтағы өзгерістермен қабылданды. Бұл Вирттің негізгі тақырыбы болды, ол Уимстің рухы мен дәстүрінде дамыды.

Уимстен айырмашылығы, ол Генриді шынымен білетін адамдардың естеліктерін жинауға тырысты. Ол өз кейіпкері туралы материалдарды жинауға он жыл жұмсағанымен, бұл нәтижеге таңқаларлықтай әсер етті. Жұмысының жартысы әлі біткен жоқ, ол қажет жерде бірдеңе ойлап табуды шешті.

Бірақ соңында Вирт, Уимс сияқты, мұндай мардымсыз бастапқы материалдан қорықпады. Ол Патрик Генриді жалғыз дерлік безендірді.

Революцияға назар аудара отырып, Вирт Генриге жауап берді - және оған және Вирджинияның арқасында - басты рөлде. Ол 1765 жылы 29 мамырда Вирджиниядағы Азаматтар үйінде Генридің Марк туралы заңға қарсы қарарлары туралы пікірталас кезінде Генридің батыл мінез-құлқының өлмейтін көрінісін салды. «Сол кездегі құдайдай күркіреген дауыспен, - деп жазды Вирт, - Генри:

«Цезарьда Брут, Карл I Кромвель және Джордж III болды - («Отқындық!» деп айқайлады спикер. «Опқындық, сатқындық!» – деп жаңғырықты палатаның әр бұрышында. Бұл мінезді айқындайтын сынақтардың бірі еді. Генри бір сәт абдырап қалмай, қол жетпес биікке көтеріліп, шешуші отпен жанып тұрған көздерін дикторға қадап, сөзін аяқтады. ең берік түрде) олардың тәжірибесін ескеру керек. Егер бұл опасыздық болса, біз мұның бәрін жасаймыз». Революция кезінде Генри барлығынан озып шықты. «Оның түсінігі, - деп түсіндіреді Вирт, - алыс болашаққа кетті; Елімізде тәуелсіздіктің алғашқы сыбыры естілмес бұрын-ақ келе жатқан жанжалдың барлығын пайғамбар көзімен көріп, елінің жер шарындағы басқа мемлекеттерден қалай биік тұрғанын бар ынтасымен сезінді. Сенуге болатын мәтіні жоқ және замандастарының ең күнгірт естеліктерін ғана пайдалана отырып, Вирттің өзі революцияның ең әйгілі құбылысына айналған нәрсені ойлап тапты: Генридің 23 наурызда Азаматтар үйінде айтқан «Бостандық немесе өлім!» сөйлеген сөзі [27].

Осы тұста американдықтар туған жеріне соның ішінде кіші отанына деген сүйіспеншілік пен ұлт батырларын дәріптеу арқылы патриоттықты, ұлтына сену ұлылығын сіңіреді. Яғни, мемлекеттілікті сақтауда сол мемлекетке деген сүйіспеншілікті нақтырақ айтсақ, сол елдің болмыс-бітіміне, ортақ, барлық этностар мен ұлыстар үшін ортақ дәстүріне деген сүйіспеншілікті ояту маңызды. сондықтан АҚШ-тың мысалы арқылы да ортақ мұраны анықтау қажеттігін аңғарамыз.

#### Ресейдің сыртқы саяси тұжырымдамалары

XXI ғасырдың басына қарай Ресейдің сыртқы саяси стратегиясы нақты жоспарға ие болды. Ресейдің ұлы держава екендігі туралы идея прагматизммен және әлемдік жағдай мен Ресейдің мүмкіндіктерін байсалды бағалаумен біріктіріліп, Ресей Федерациясының 2000 жылғы Сыртқы саясат тұжырымдамасында ресми түрде бекітілді. Жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін қорғау Ресейдің сыртқы саясатының ең жоғары басымдығы деп жарияланды.

#### Негізгі мақсаттарға келесілер кірді:

- мемлекеттер арасындағы тең құқылы және әріптестік қатынастарға, ең алдымен БҰҰ Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарын қоса алғанда, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған нормаларына негізделген тұрақты, әділ және демократиялық әлемдік тәртіпті қалыптастыру мақсатында жаһандық үдерістерге ықпал ету.

Ресейдің үдемелі дамуына, экономикасының көтерілуіне, халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға, демократиялық реформаларды сәтті жүзеге асыруға, конституциялық құрылыс негіздерін нығайтуға, адам құқықтарын сақтауға қолайлы сыртқы жағдайлар жасау және бостандықтар.

Ресей шекараларының периметрі бойынша тату көршілік белдеуін қалыптастыру, Ресей Федерациясына іргелес аймақтарда қақтығыстар мен шиеленістердің орын алуына жол бермеу ал, пайда болған жағдайда оны жоюмен күресі.

Ресейдің белгіленген ұлттық басымдықтарында көрсетілген мәселелерді шешу жолында мемлекетаралық бірлестіктермен және шет елдермен келісім мен татулық жолдарын іздестіру, осы жолда халықаралық іс-қимылдың талаптары мен әдістерін арттыратын серіктестік пен одақтастық қарым-қатынас жүйесін құру.

Ресей азаматтары мен шетелдегі отандастардың құқықтары мен мүдделерін жан-жақты қорғау.

Ресей Федерациясын әлемде оң қабылдауға жәрдемдесу, шет елдерде орыс тілі мен Ресей халықтарының мәдениетін танымал ету.

Ресей өзінің сан алуан мүдделерімен қазіргі әлемнің алуан түрлілігін шын мәнінде көрсететін халықаралық қатынастардың көпполярлы жүйесін қалыптастыруға ұмтылатыны атап өтілді; мұндай әлемдік тәртіптің тиімділігі мен сенімділігінің кепілі мүдделерді өзара есепке алу болып табылады; 21 ғасырдағы әлемдік тәртіп негізгі мәселелерді ұжымдық шешу тетіктеріне, құқық басымдылығына және халықаралық қатынастарды кеңінен демократияландыруға негізделуі керек; біржақты іс-қимыл стратегиясы халықаралық жағдайды тұрақсыздандыруы, шиеленісті және қарулану жарысын тудыруы, мемлекетаралық қайшылықтарды, ұлттық және діни алауыздықты ушықтыруы мүмкін. Қолданыстағы халықаралық-құқықтық тетіктерді айналып өтіп, күштеу әдістерін қолдану шиеленістердің негізінде жатқан терең әлеуметтік-экономикалық, ұлтаралық және басқа да қайшылықтарды жоюға қабілетті емес, тек құқықтық мемлекет негіздеріне нұқсан келтіреді.

Іргелі сыртқы саяси құжаттар он жыл бойы Ресейдің халықаралық қызметінің барлық мәселелерін белсенді түрде талқылап келе жатқан сыртқы саяси қоғамдастықтың жетекші өкілдерінің күш-жігері ескерілгенін куәландырады. Алайда саяси элита мен академиялық қоғамдастық өкілдері арасында жасалған таңдаудың дұрыстығы туралы толық келісім жоқ. Тарих көрсеткендей, келісімге қол жеткізу оңай емес, мүмкін емес дерлік. Ең бастысы, барлық проблемаларды жан-жақты талқылау үшін жағдай әлі де сақталады. «Тұжырымдама» қатып қалған құжат емес, егер баламалы тәсілдерді жақтаушылар Ресей саясатына деген көзқарасы елдегі және қоршаған әлемдегі жағдайға сәйкес келетінін дәлелдесе, қажетті түзетулер енгізуге болатын іс-әрекеттерге арналған нұсқаулық.

Ресей Федерациясының Президенті, ел өзінің көп ғасырлық тарихындағы ең қиын кезеңдердің бірін бастан өткеруде: «Соңғы 200-300 жылда Ресей алғаш рет екінші, тіпті үшінші орында болу қаупіне тап болып отыр. Әлем мемлекеттерінің эшелоны. Бұған жол бермеу үшін ұлттың барлық интеллектуалдық, физикалық және моральдық күштерінің орасан зор жүктемесі қажет. Бізге үйлесімді шығармашылық жұмыс қажет. Оны біз үшін ешкім жасамайды. Қазір бәрі тек қауіптің дәрежесін сезіну, бірігу, ұзақ та қажырлы еңбекке бейімделу қабілетімізге байланысты.

Бұл ғылыми талқылаулардың қарқындылығы жалғасады деген сөз. Сондай-ақ ресейлік ғалымдар мен американдық ғылыми қоғамдастықтың өзара әрекеттесу қажеттілігі туындайды, бұл екіжақты қарым-қатынастардың

мүдделері мен мәселелеріне, сондай-ақ жаңа әлемдік тәртіпті құрудың ортақ міндеттеріне байланысты [28].

Осы көрші елдің нақты басымдылықтарын да қарастырып еліміздегі этносаралық татулықты нығайту мәселесін алға тартуымыз мемлкеттік басқарудағы тиімді әрекетіміз болары сөзсіз.

## **Зерттеу әдістері**

Магистрлік жобаны жазудың әдістемелік негізі зерттеудің диалектикалық әдісі болып табылады. Жүргізілген жұмыс барысында диалектиканың негізгі принциптері пайдаланылды:

- мемлекеттік билік пен азаматтар арасындағы конструктивті диалогты құру түрінде қалаған нәтижеге қол жеткізу мен қазіргі жағдай арасындағы қайшылықтарды іздеу принципі. Бұл принципті қолдану жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында орын алған қайшылықтар мен қайшылықтарды талдауға мүмкіндік берді;

- ғылыми принципті пайдалану зерттеу объектісі мен пәніне қатысты әлеуметтік құбылыстарды сипаттауға және түсіндіруге мүмкіндік берді, соның нәтижесінде тұжырымдаманы енгізуді ескере отырып, жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі жаңғыртуға көзқарас әзірленді. «Тыңдаушы мемлекет» туралы;

- практикалық маңыздылық принципі ғылыми зерттеулердің практикалық құндылығына шоғырлануға мүмкіндік берді, әзірленген ұсыныстар олардың өміршеңдігі, өзектілігі және қажеттілігіне талдау жасалды;

- өзара әрекеттестік пен тұтастық принциптерін пайдалана отырып, мемлекеттік билік пен азаматтық қоғамның өзара әрекеттесуінің құрамдас бөліктері болып табылатын көптеген факторлар мен әлеуметтік қатынастар зерттелді, зерттеу шекаралары анықталды. Талдау нәтижелері бойынша саяси диалог құрудың тиімділігіне әсер ететін факторлар анықталды;

Қосымша әдістер рөлінде жүйелік-құрылымдық, логикалық талдаулар және мәліметтер мен ақпаратты өңдеудің басқа әдістері қолданылды [40].

Сонымен қатар, зерттеу барысында арнайы сарапшылар арасында сауалнама мен ресми емес әңгімелесу жүргізілді.

Сарапшылармен жүргізген сауалнамаға 12 сарапшы қатысты. Олар: Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Рухани жаңғыру департаментінің қызметкерлері, басқарма басшысы – Бегенова А.С., «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институтының қызметкерлері мен «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы – Молдағалиев С.Б., мемлекеттік органдардың басшысы соның ішінде ҚР АШМ АӨК мемлекеттік инспекция комитетінің төрағасы – Марс А.М., сот жүйесінен – Маңғыстау облыстық соттың алқа төрағасы Бақытжанова Г.Қ., Мәдениеттанушы, лингвист, публицист Ерғали С.А., экономика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару Академиясы Басқару институты доцентінің м.а. – А.Б. Мухамедиева, қоғамдық институттар мен жоғарғы оқу орындарының ғылыми қызметкерлері соның ішінде тарих ғылымдарының кандидаты, жоғарғы аттестациялау комиссиясының доценті Сұлтанғазы Г.Ж., Еуразиялық ұлттық университетінің оқытушысы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің педагогика, психология және бастауыш оқыту кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Г.Р.Бахтиярова, «Ника» даму орталығының негізін қалаушы, басшысы,

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару Академиясының шақыртылған тренері – Жүнісбек М., этномәдени орталықтардың төрағалары мен мүшелері, Исмаилов Ш.А., Мойсеенко В.М.

Сауалнамаға қатысқан тұлғалар зерттеу тақырыбына жақын яғни жұмыс бабымен айналысып жүрген немесе қызығушылық танытып жүрген мамандар ретінде анықталды.

Аталған тұлғалардың сұхбаттарында ұлттық код ұғымына түсінік берді. Сонымен қатар ұлттық код ұғымының стратегиялық құжаттардан бастау алатындығына тоқталып өтті.

Ұлттық код ол әр ұлттық өзіне тән ұлттық болмысы. Жаһандану дәуірінде ұлттық бірегейлікті қалай сақтай аламыз? Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» деп атап өтті. Яғни, біздер қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерімізді дәріптеп, ана тіліміздің ұлтаралық қатынас тілі жолында дамытуға, музыкамыз, әдебиетіміз бен мәдениетімізді сақтап, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымызды бойымызда мәңгі қалдырып, ел болып жер бетінде қалу үшін ұлтымыздың ұлттық даму үлгісін «ұлттық код» арқылы сақтауымыз қажет.

Тұңғыш Президент – Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айтылған идеясы, сондай-ақ Президенттің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында айтылған негізгі бастамаларына қатысты бүгінгі таңда басты идеологиялық құжат болып табылады. Оның негізінде идеяны жүзеге асырудың тактикалық тетігі бола отырып, «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы және «Рухани жаңғыру» бағдарламасын ұлттық жаңғыру кезеңіне көшіру жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған Жол картасы әзірленді.

«Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасының негізгі мақсаты ұлттық кодты сақтап, мәдени бирегейлікті жаңғырту, ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрді насихаттау арқылы қоғамның мәдениетін, талғамын және рухын көтеру екендігі атап өтілді.

Сонымен қатар, моральдық құндылықтар дегеніміз ақ пен қаранының, жақсы мен жаманның аражігін анық ажырату болып табылады. Ол өзгермейтін өмірлік қағидаларға сай әрекет етеді. Моральдық және ұлттық құндылықтар адамгершілікті қалыптастыратын басты құрал екендігін сұхбатқа қатысушылардың басым көпшілігі қолдады.

Сұхбат барысында, Қазақ халқының құндылықтары басқа халықтың құндылықтарымен ұқсас па әлде қарама-қайшы келеді ме? – деген сұрақ бойынша эксперттердің дені төмендегі жауапқа келді.

Қазақ халқының басты мәдени құндылықтары - үлкендерге деген құрмет, бейбітшілік пен төзімділік, қарым-қатынасқа ашықтық, қонақжайлылық және қоршаған әлеммен үндестікте өмір сүруге ұмтылу. Қазақ дәстүрлері қонақтың шай ішіп, мол тамақтануын талап етеді. Әрбір қазақ дастарханның жайылуын өзінің ізгілігі мен абыройы деп санайды (яғни, қонаққа үстел жаю)

Керісінше, құндылықтар басқаларды құрметтеуге негізделген, сондықтан олар басқа халықтардың құндылықтарын бұза алмайды.

Қонақжайлылық пен бейбітшілік қазақтардың басты мәдени құндылықтарының бірі болған. Елтаңбада бейнеленген жұлдыз халықтың әлемге ашықтығын білдірсе, сыйластықтың көрінісі адами қарым-қатынастың негізі болып табылады. Осылайша, әртүрлі көзқарастар мен мәдени айырмашылықтар Қазақстанды мекендейтін халықтармен бейбітшілік пен келісімде өмір сүруге кедергі келтірмейді.

Сондай-ақ, кез келген халықтың ұлттық құндылықтарын жалпы адамдық құндылықтар аясында қарастыруға негіз бар. Дегенмен әр ұлттың өзіне ғана даралығын танытып тұратын қасиеттері, құндылықтар жүйесі болады. Халықтардың тұрмыс-тынысында, өмір сүру жүйесінде жалпы адамдық құндылықтардың қай түрі басым түсетініне қарап біз сол ұлттың өзіне тән ерекшеліктерін тануға мүмкіндік аламыз.

Сонымен қатар, эксперттер ұлттық кодты, құндылықтарды насихаттау бойынша төмендегідей ой білдірді.

Ұлттық құндылықтарды насихаттау ұрпақ тәрбиесін қалыптастырады. Ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында елімізде бірнеше ұлттық телеарналар мен радиолардың үлесі зор.

Атап айтқанда «Қазақстан» корпорациясының құрамына кіретін телеарналар мен радиолардың, оның ішінде Ұлттық арнаның ең басты мақсаты - ұлттық өнерді, ұлттық құндылықтарды насихаттау. Мысалы «Qazsport», «Balapan» және «Qazaqstan» телеарнасы, «Егемен Қазақстан» республикалық газеті және т.б.

Адамның бойындағы адамгершілікті және патриоттықты қалыптастырудағы дұрыс білімнің берілуі тұрғысында пікірлер төмендегідей болды.

Адамның бойындағы адамгершілікті және патриоттықты қалыптастыру үшін жас ұрпаққа моральдық, адамгершілік, ұлттық құндылықтарды үйрету, тәрбиелеу сынды пікірмен толықтай келісемін. Бала тәрбиесіндегі негізгі тұғырлардың бірі – ол әрине мектеп. Мектеп – оның ішінде ұстаздар балаларды қайырымдылыққа, кішіпейілдікке, рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде ата-анаға барынша қолдау көрсетіп, олардың мектептен тыс тәрбие сағаттарына қатысуларына жағдай жасалған. Жалпы мектеп қабырғасынан бастап ұлттық құндылықтар, әдебиет, мәдениет, дәстүр мен салт, ұлттық болмысты оқушыларға сіңіру жұмыстары тоқтаусыз жүргізілуде. Бұл өз кезегінде ата-ана мен мектеп арасында өзара байланысты тереңдетіп, ұлттық салт-дәстүр, прагматизм, білімге ұмтылу, патриоттық сезімге баулу, бәсекеге қабілет сынды басқа да құндылықтар тақырыптарында бала тәрбиесіне оң ықпал ететіні сөзсіз.

Сонымен қатар ұлттық кодты, ұлттық құндылықтарды зерттеу ғалымдардың қатысуымен белсенді түрде жүргізіліп жатыр. Осы тақырыптар бойынша көптеген ғылыми кітап туындылары және ғылыми мақалалар жарияланған.

Сонымен қатар, мектептерде қазақ халқының салт-дәстүрін молырақ дәріптеу қажеттігі көтерілсе, енді бір эксперттер, бұл мәселеге жеткілікті ден қойылғандығын атап өтіп, ұлттану отбасынан басталатындығын алға тартты.

Мемлекеттік тілдің мемлекеттік басқарудағы және жалпы қоғамдағы рөліне қатысты төмендегідей пікір білдірілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында «Тіл ұлттың негізгі белгісі ретінде халықтың болмыс-бітімінің сақталуында шешуші рөл атқарады, оның рухани мәдениетінің бір бөлігі болып табылады, -деп атап өтті.

Қазақ тіліндегі қоғамдық ортаны қалыптастыруға ықпал жасайтын факторлар – білім беру, мәдениет БАҚ жүйесі мен мемлекеттік тілде іс-қағаздарының жүргізілуі болып табылады.

Бүгінгі таңда мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдегі құжатайналым 80 пайызды құрайды. Өткен жылдармен салыстырғанда қазіргі таңда мемлекеттік тілдің қолдану аясы кеңейіп, оның мәртебесін арттыру бойынша айтарлықтай жұмыс атқарылуда. Бұл жерде мемлекеттік қызметке орналасқан әрбір азамат мемлекеттік тілді білуі шарт екенін жақсы түсінеді. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы және дамуы ел халқын ұйытушы мемлекеттік тілдің толыққанды дамуына тәуелді.

Жалпы қоғамда мемлекеттік тілге деген көзқарас өзгеріп, өзге ұлт өкілдері арасында мемлекеттік тілді үйренуге деген құлшыныс байқалады. Болашақта қазақ тілінің мәртебесі артып, бүкіл қазақстандықтар үшін ортақ тіл болатынына сенімдімдерін білдірумен қатар, мемлекеттік тілдің жағдайына қынджылып, өкініштерін білдірген мамндар да болды.

Мемлекеттік басқарудағы ұлттық кодтың рөлі туралы пікірлер берілді.

Мемлекеттік басқару мен мемлекеттік билік органдары мен олардың лауазымды адамдары қызметінің негізгі міндеттерінің бірі халықтың ерік-жігерін барынша жақсы іске асыру және материалдық қана емес, сондай-ақ рухани қажеттерін де қанағаттандыру болып табылады. Өз кезегінде, ұлттық код – бұл ұлт санасында құндылықтар мен көзқарастар кешенін сипаттайтын көп қырлы ұғым. Тиісінше, халықтың қажеттіліктерін толық қанағаттандыру үшін ұлттың құндылықтарын, ерекшеліктерін және тыныс-тіршілігін терең білу қажет. Осылайша, ұлттық кодтың мемлекеттік басқару жүйесіндегі рөлі маңызды болып табылады.

Ұлттық мәдени код жаңғыртылуға қабілетті және оның қолайлы бағытта дамуы үшін тиісті шаралар қабылдануда. Осылайша, халықтың мемлекеттік аппарат жұмысының тиімділігі мен қанағаттануын арттыру және мемлекеттік қызметшілердің бағдарлама құндылықтарын ел халқына одан әрі тарату мақсатында үлгілік базалық бағыт шеңберінде «Қоғамдық сананы жаңғырту» жоба топтары іске асырылуда. Білімнің салтанат құруы, бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, эволюциялық даму, ұлттық бірегейлікті сақтау, сананың ашықтығы негізгі түйінді бағыттар шеңберінде мемлекеттік органдар үшін тиісті көрсеткіштер көзделген. Осы қағидаттарды ілгерілету мәдени-генетикалық код негіздерін нығайтуға және тұтастай алғанда одан әрі жаңғырту дамуына сөзсіз ықпал етеді деп санаймыз.

Ұлттық кодты, құндылықтарды жаңғыртуға төмендегідей ұсыныстар келтірілді.



Ұлттық код пен құндылықтарды жаңғырту үшін «Қазақ халқының ренессансы» жылдарын жариялау игі болар еді. Мысалға 2023-2027 жылдар «Қазақ халқының ренессансы» болып жарияланса, сол жылдары барлық қазақ халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпы, ұлттық тілдегі шығармалары, тілі, мәдениеті жалпы қазақ халқының барлық мұрасы негізінде жобалар мен іс-шаралар кеңінен тұрақты түрде ұйымдастырылуы қажет. Сонда, жаһандық дәуірде сынға түсуі мүмкін қазақтың ұлттық коды мен құндылықтары жаңғыратыны анық.

Бұл бес жылдықта өткізілген жұмыстардың жемісі болашақ он жылдықтарда да құндылықтарымызды сақтап қалуға кепіл бола алады.

Сонымен қатар, респонденттер ұлттық кодты әлі де зерделеу қажеттігіне жіті назар аударған болатын. Ол үшін тиісті шаралар мен кей тұста қаражаттың қажет екендігі де аталып өткен болатын.

Сонымен қатар, эксперттік сұхбат берушілердің дені тұғырлы тәуелсіздігімізді сақтау жолында ұлт тарихына, ортақ мүддемізді сақтауда жалпы ұлтты біріктіретін механизмдердің қажет екендігіне, орыс тілді немесе қазақ тілді деп бөлінудің қажеті жоқтығын атап өтіп қазақстандық деген ұғымның тереңіне бойлап, жаңа қазақстандықтың бейнесін қалыптастыруда ұлттық кодтың рөлін атаған болатын.

Сонымен қатар ресми емес әңгімелесуге Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Рухани жаңғыру департаментінің және Этносаралық қатынастарды дамыту комитеті қызметкерлері, «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институтының қызметкерлері мен мемлекеттік органдардың басшылары, мемлекеттік қызметкерлер, жоғарғы оқу орындарының ғылыми қызметкерлері мен оқытушылары, этномәдени орталықтардың мүшелері, мектеп мұғалімдері, студенттер, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару Академиясының магистранттары қатысты.

Ресми емес әңгімелесу нәтижесінде азаматтар арасында ұлттық код термині бойынша жалпы түсінік қалыптастырылғаны белгілі. Әсіресе, ұлттық кодты тек белгілі бір этносқа тән құбылыс деп қабылдаушылар біршама. Дегенмен, бірлік, толеранттылық деп танытындар да кездесті. Жалпы қоғамда моралдық және ұлттық құндылықтардың ұқсастығы тіпті бір екендігін айтушылар көптеп кездесті.

Сонымен қатар, қазақ ұлтының дәстүрі, тілі жалпыға бірдей таныс екендігі және жадыға тиісті деңгейде енгені де аңғарылады. Сонымен қатар оқу орындарында ұлттық құндылықтар дәріптелетіндігі атап өтілуде. Тағы назар аударатын мәселе әңгімелесу барысында азаматтар өзін еліміздің патриоты деп есептейдіктерін атап өтті. Әйтседе патриот ретінде нақты қандай үлес қосудасыз дегенге жауап беруге қиналған және ешқандай деп жауап бергендер де болды.

Сонымен қатар, ресми емес әңгімелесушілерден аңғарғанымыз, олар мемлекеттік тілді жетік меңгерген, ауызекі сөйлеу тілінде сөйлейтіндер де кездеседі. Әңгімелесушілердің өздері күнделікті өмірде мемлекеттік тілді қолданатындықтарын және құрмет танытандығын атап өтті. Сондай-ақ,

әңгімелесушілердің қатарында мемлекеттік тілді қолдану барысында кейбір қиындықтармен кездесетіндіктерін атап өтуде. Оның ішінде мемлекеттік органдарға жүгінгенде, құжат аударғанда, сөздік қорларының аздығын, тілді толық білмейтіндіктерін де атап өтушілер болды. Әңгімелесушілердің көбі мемлекеттік органдарға жүгінетіндіктерін көрсетіп, ара-тұра мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік тілді тиісті деңгейде меңгермегендіктерін атап өтушілермен қатар, керісінше, қазақ емес басқа этнос өкілдерінің тарапынан мемлекеттік басқару жүйесінде этносаралық мәселесіне аса ден қойылмайтындығын алға тартушылар да болды.

Осы тұста мемлекеттік органдардағы мемлекеттік тілдің деңгейі әлі де көтеру қажеттілігімен қатар, этносаралық қарым-қатынас мәселесіне, әсіресе жергілікті басқару құрылымында жіті назар аудару қажеттігі анықталды.

Сонымен қатар зерттеу барысында сот жүйесінде судья лауазымына конкурстан өту барысында мемлекеттік тілді білуі бойынша емтихан тапсырмайтындықтары анықталды. Осыған орай аталған мекемеге ұсыныс хат енгізу қажет.

## Зерттеу нәтижелері және талдау

Қазақстан Республикасының Ата Заңы бойынша Республика өзінің қымбаттан қымбат қазынасы ретінде адамды және оның өмірін сонымен қатар, құқығы мен бостандықтарын белгілеген болатын [1].

Аталған қағида расында да басты назарға қойылып, жылдан жылға стратегиялық құжаттарға енгізіліп, жүзеге асырылуда.

Мәселен, «Қазақстан-2050» Стратегиясында осы қағида жалғасын тауып, ырықтандыру, яғни адамның бостандықтары мен құқықтарын кеңейту жолы нақты ұсталды. Бұл қоғамымызда адам құқықтары мен жалпы демократияландырылуда әлемдік стандарттарға жақындауы, саяси тұрғыда бәсекеге қабілеттілігімізді арттыруда [2].

Сонымен қатар бейбіт елімізді сақтау мен саясатымыздың тұрақтылығында ұлтаралық келісім мен азаматтық татулықтың құндылығы дәріптеледі. Осы тұста Қазақстан халық Ассамблеясы институтының еуразиядағы бірегей үлгісі болғандығы белгілі [37,38].

Стратегияда 21 ғасырдың он сын-қатері ерекшеленеді. Мемлекетіміздің даму жолында жаңа белестерге жетуді көксейтін болсақ, оларды назардан қалдырмау қажеттігі аталады. Зерттеу жұмысымызда осы он сын-қатердің ішіндегі тақырыбымызға жақын келетіні бірінші (құжатта бесінші), мемлекеттік пен демократияны дамыту және екінші (құжатта жетінші), еліміздің көпұлттылық және көпконфессиялылығы жағдайындағы жаңа қазақстандық патриотизмнің мәселеріне тоқталмақпыз.

Біріншіден мемлекеттік мәселесінде басты мақсат – мемлекеттік басқарудың жаңа бейнесін құрау мәселесі алға тартылады. Жаңа бейне мемлекеттілікті одан әрі сақтап, халыққа қызмет ету міндеттерін ұстануы тиіс.

Келесі жаңа қазақстандық патриотизм сұрағын бес жеке дара блоктарға ажыратылып көрсетіледі.

Біріншіден, жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыруда бір ғана тәрбиенің жеткіліксіздігін ол үшін мемлекет халықтың болашағы мен тең мүмкіндіктеріне кепілдік болғанда кері байланыс болып, елге сүйіспеншілік, мақтаныш танылып, прагматикалық көзқарасты алға тартады.

Екіншіден, елімізде тұрып жатырға 140 жуық этнос өкілдерінің азаматтық тұрғыда құқытары, бостандықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігі ескеріледі. Этностық ерекшеліктеріне қарап жақсы, жаман деп алалауға жол берілмейтіндігі, ортақ мекеніміз, мемлекетімізде барлығы тең екендігін сезіндіруіміз қажет. Басты қағида, жауапкершілік қазақ ұлтында. Себебі біз ел иесі ретінде биік бола білсек өзгелерге сыйлы боламыз. Бұл жердегі биік болу мағынасы парасаттылық мағынасымен ұштасады. Яғни ортақ шаңырағымыздағы бауырымызға айналған қазақтан басқа ұлт өкілдеріне сыйластық, парасаттылық, кеңділік, шыдамдылық таныту. Ол атадан қалған ізгі мұра біздің қонақжайлылық қасиетіміз. Сондықтан, тәуелсіз еліміздегі барлық ұлттардың тұрмысын, дәстүрін, мәдениетін және тіліне құрметпен қарап, олардың дамуына жағдай жасау саясаты жалғасын табатындығы аталды.

Үшіншіден, қазақ тілінің мәселесі әр уақытта басты назарда екендігі сонымен қатар, қоғамымыздағы үштұғырлылық мәселесі көтерілді.

Мемлекеттік тілдің статусы айқын. Стратегия бойынша 2025 жылға қарай мемлекеттік тілдің деңгейі өміріміздің түрлі салаларында үстемдікке ие болып, қатынас тіліне айналатындығы белгіленген. Осы тұста бәріміздің тіліміздегі «қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген тіркесі жарияланды. Яғни ана тілімізді сыйлауды, құрметтеуді, жетік білуді қазақ ұлты өзінен бастауы тиіс. Сонымен қатар, ұлтымыздың артықшылығы ол өзінің ана тілімен қатар орыс тілін де жетік меңгеруі. Өйткені тіл ол құрал. Білім алу, өсу, даму құралы оған тарихымыз куә. Мәселен, Ұлы Абай «Орыстың ғылымы, білімі – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі» деген емес пе. Осы тұста қазіргі заман талабына сай ағылшын тілін білуге серпіліс жасау қағидаты қозғалды.

Төртінші, мәдениет, дәстүр жалғастығы көтеріледі.

Ұлттық генетикалық код сол мәдениет пен дәстүрдің жиынтығы екендігі, Ол сайып келгенде шежірені тарқатып, жүзге, руға бөліну емес керісінше, сол шежіренің басы атам қазақтан бастау алатындығын. Шежіре халықты бөліп, қақтығыстыру емес, біріктіріп тұтастыру екендігі нақты аталады. Біздің береке бірлігіміз бірлікте екендігі. Қазақ халқының сыртқы жаудан емес ішкі ірткі салушылардан, арандатушылардан сақ болу қажеттігі назарда.

Бірлік жарастығы арқылы ған ілгері басатындығымыз басты назарда.

Бесінші, интеллигенцияның қоғамдығы орны, яғни рөлі айқындалады.

Жоғарыда аталған патриотизм, ұлтаралық татулық, жоғары дәрежелі толеранттылық, мемлекеттік тіл мен ресми тіл мәселесі, мәдениет, дәстүр жалғастығы мәселелері бойынша қоғам санасын дұрыс бағытта жаңғыртуда, жалғастыруда интеллигенцияның рөлі ерекше, тіпті алғашқы қатарда деуге болады. Өйткені халқымыздың тұтастығын сақтау, қазіргі заманымыздың іргетасы болғаны белгілі. Стратегияда белгіленетін басты мақсат тұлғаға бағытталған, ортақ еліміздің әрбір азаматы өзін мен қазақстандықтың деген тұрғыда танытуы. Осы бірлігіміз ұрпақ жалғастығын табатын басты құндылығымыз. Оны болашақ буынға дұрыс ұсыну үлкен жауапкершілікті іс.

Алтыншы, мемлекетіміздегі қазіргі дін мәселесі назарда.

Өкінішке орай қоғамда теріс бағыттағы діни ағымдардың көбеюі, жастарды шатастыру жолында жаман пиғылмен әрекет етуші сырт күштердің бағыттарынан аулақ болу қажеттілігіміз. Ол үшін мұсылман екендігімізді, соның ішінде Әбу Ханифа мазһабын ұстанатындығымызды. Ол бағытты ата-бабамыздың ұстанғандығы, ол ұлттық дәстүрге қарсы келмейтіндігі, бірлік, татулық, сыйластық қағидаттарын сыйлауға негізделетіндігін естен шығармауымыз қажет [2].

Құжат еліміздің ұзақ мерзімді даму стратегиясы ретінде айқын саяси бағыт берді.

Сонымен қатар, Қазақстанның 2050 жылға дейінгі Стратегиясының жүзеге асырылуы үшін әзірленген және еліміздің жоспарлау жүйесіндегі бірінші деңгейлі құжат – Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында келтірілген жалпыұлттық басымдықтар елдің саяси бағытын одан

әрі нық белгіледі [29].

Жобада Ұлттық даму жоспарының үш жалпыұлттық басымдылығының мақсат, міндеттері қарастырылады. Олар: азаматтардың мүдделерін қорғайтын әділ және тиімді мемлекет, мемлекеттік басқарудың жаңа моделі және патриотизм құндылықтарын дәріптеу.

Осындағы бірінші басымдылықтың мәні (жоспарда төртінші) қоғамдағы барлық салада заңның үстемдігін арттыру, адам мен мемлекеттің өзара байланысын, жауапкершілігін өсіретін жалпы мемлекеттің құқықтық басымдылығын жоғарылату. Тұтас халықтың өмір сүру жағдайының сапасын арттыру, әр азаматтың құқығын жеке қорғау.

Келесі басымдылықтың мәні (жоспарда бесінші) барлық азаматтардың мемлекетпен бірлесіп әрекет етуін арттыру, азаматтық қоғам саясатын жақсарту, жалпы мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру, проактивті жүйеге және мемлекеттік басқарудың жаңашыл түріне көшу.

Ал патриотизм бойынша белгіленген басымдылықтың мәні күшті және жауапкершілігі жоғары тұлғалардың біртұтас ұлтын қалыптастыру.

Сонымен қатар, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында тарихымыздың жаңа кезеңінде екі процесс – саяси реформа мен экономикалық жаңғыру назарға алынғаны аталады.

Осы тұстағы дамыған отыз елдің қатарына қосылу мақсатымыз айқын белгіленеді. Алайда, осы мақсатқа жету үшін ісімізден бұрын санамыз жүйірік болуы тиіс. Санамыздың осы әлем елдеріне қарап жаңғырғаны абзал. Рухани жаңғыру бір мезгілде жасалатын шаруа емес. Ол мемлекетіміздің тәуелсіздігінің өне бойында жасалып келеді. Мәселен 2004 жылғы «Мәдени мұра», 2013 жылғы «Халық – тарих толқынында» бағдарламалары, бұл бағдарламалардың барлығы жоғары жауапкершілікті сезіне білетін тұтас ұлтты жұмылдыру, қалың бұқараның санасын жаңғырту.

Рухани жаңғыру бағдарламасында 21 ғасырдағы ұлттық сана мәселесі жан-жақты қарастырылады. Осындағы сана жаңғыруының негізгі шарты ретінде ұлттық кодты сақтау қажеттігі екендігі көрсетіледі. Жаңғыру тозығы жеткен көнені сүйрету емес, озығын үлгі қылу. Яғни рухани жаңғыруымыз оң қасиеттерімізді қиыстыру. Бұл тарих тұңғышы мен жарқын болашағымызды ұштастыратын ұлтымыздың тұғырнамасы.

Бағдарламада қазақстандықтарға терең ұғынуы қажет екі басты қағида ұсынылды.

Бірінші, жаңғыру үшін ұлттық код, мәдениет сақталу қажет.

Екінші, ұлттың ілгері дамуы үшін аяқтан шалатын кері ұғымдардан аулақ болуымыз қажет [22].

Сонымен, стратегиялық құжаттарда маңызды орын алған патриотизмнің жарқын көрінісі ол адамның туған жеріне, ортақ дәстүріне, тұрмысына, мәдениетіне атсалысуы деп білеміз.

Рухани жаңғыру бағдарламасында да мемлекет жай ғана кез келген халықтың бірігуі емес, ол олардың бірлестігінен ұлт құрайтын мәдени-генетикалық кодының негізі деп беріледі.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында да «ең алдымен адам» деп анықталды және мемлекеттің адамға бағдарлану мәселесі басты мәселе ретінде көтерілді. Өйткені адамға бағдарлану бұл жаһандану талабы, заман талабы. Әлемдік аренада озық елдердің қатарына енудің бірден-бір жолы. Себебі осы бөлімнің басында Конституциямен айқындап келтірген еліміздің басты құндылығы ол адам және оның өмір сүру сапасы. Ол үшін халыққа құлақ асатын ашық мемлекет және сапалы сервис құру, сенімді арттыру осы жолда дұрыс саясатты жасау, тұжырымдау және тиісті жүзеге асыру кезеңдерін жоспарлауда, ұйымдастыруда «жұмсақ итермалеу» тетігі қолданылтыны көрсетілген болатын [30].

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Қазақстан халқына Жолдауында Біздің мұратымыз – Жаңа Қазақстанды құру деп айқындаған болатын.

Жаңа Қазақстан дегеніміз – тәуелсіз еліміздің болашақтағы бейнесі. Мемлекеттің жарқын болашағына сену, әр адамның құқық, мүдделерін сақтау, мемлекет пен азаматтық қоғамның сенім мен құрметпен білдіруі арқылы жаңа саяси мәдениетке жету [31]. Осы тұста ұлттық татулық мәселесі маңызды.

Сонымен қатар, аталған ұлтаралық татулық пен келісім мәселесі ҚР Президенттерінің барлық жолдауларының өне бойында кездеседі [31, 32, 33, 34, 35, 36]. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылдың 5 қаңтарында «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында тәуелсіздігімізді алғалы бергі жетістіктерімізді, болмысымызды, болашаққа қоятын мақсаттарымызды саралап берді. Еліміздің даму жолында саясаттың әр бағыты бойынша бағдарламалар, реформалар жүргізілгендігін айта келіп, рухани жаңғыруға жіті мән берілгендігін атап өткен болатын.

Осы үндеуден нақты үш идеяны атап өткім келеді: рухани жаңғыру, ұштағандылық, патриоттық тәрбие.

Қазіргі әлемнің қарқынды даму шағында біздің тәуелсіз еліміз саралы саясатын жалғастыруда алайда, қоғамда идеологиялық вирустар пайда болып, кері әсерін тигізуде. Анықталған вирусты жою үшін антивирус жасалады. Біздің бұл идеологиялық вирусқа беретін тойтарысымыз, антивирусымыз ұлттық идеологиямызды, мақалада айтылған «мемлекетшілдік идеясын» дәріптеу.

Тәуелсіздігіміздің ажырамас ұштағаны ретінде жеріміз, ана тіліміз және береке-бірлігіміз келтіріледі. Міне осы тұста да, тәуелсіздігімізді сақтап қалу үшін оның тағдырдың жай ғана сыйы емес екендігін түсініп, түп-тамырының тереңіне бойлай отырып, ұлттық құндылықтарымызды жіті меңгеруіміз арқылы гуманизм идеясына жету үшін қоғамдық сананы жаңа Қазақстандық бағдарға бейімдеу қажет [23].

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының 6-жалпыұлттық басымдығында патриотизм құндылықтарын дәріптеу көрсетілген. Осы құндылықты дәріптеуде ұлттық кодтың ролі айрықша [29].

Біздің ортақ мүддеміз тәуелсіздігімізді сақтау. Осы тұста этносаралық татулық мәселесіне жіті назар аудара отырып, жаңа қазақстандықтың бейнесін этностық код емес, ұлттық код шеңберінде анықтау уақыт талабы.

Белгілі ұлттық идея негізінде ұлттың эксклюзивтілігін анықтауға деген талпыныс халықтың бірегейлігі мен ата-баба аманатын орындауда бекем тәсілдердің бірі екендігі тарихтан да белгілі. Сондықтан, жаңа Қазақстанның талабына сай бүгінгіміз бен болашағымыздың даму жолында ұлттық идеямыз бен құндылықтарымызды анықтау өзекті болып табылады.

Ұлттық код терминінің нақты терминологиялық анықтамасы бекітілмесе де, түрлі баспа беттерінде тұжырымдамалық анықтамалары берілуде.

Жаңғырған қоғамның рухани коды болады

Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Қазақстандықтардың екі ережесі

1. ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды.
2. алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі кертартпа тұстарынан бас тарту керек [22].

Ұлттық код дегеніміз – бұл ата-бабадан келе жатқан рухани қазына, тарихи дәстүр, мәдени білім, сана-сезім.

Ұлттық код дегеніміз – халықтың ішкі этникалық өзегі. Кез-келген халықтың дәстүрі, салты, әдет-ғұрпы оның ұлттық болмысының сыртқы жақтарын ғана көрсетеді. Ал осылармен тікелей байланысты және осыларды тудыратын ұлттық ар-ұят пен намыс, ұлттық тіл мен дін, ұлттық сана, міне, осылар ұлттық болмыстың ішкі жақтарын немесе қақ ортасын, яғни өзегін көрсетеді.

«Ұлттың рухани коды» дегеніміз не?

Ол – сан ғасырлық тарихи тамырларымыз, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан атамұра өнеріміз, өзге елден ерекшелеп тұратын дәстүр-салтымыз, әдет-ғұрпымыз, тілдік ерекшелігіміз, діни ұстанымымыз, білім-ғылымымыз, қоршаған ортамыз, қыл аяғы ошағымыз, отымыздың басы!

Ұлттық код – рухани болмыс кілті

Рухани кодымыздың басты тіні, ұлттың күллі қастерлі ұғымдарын, қасиеттерін бойына жиған өзегі тіл [39, 41, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50].

Осы және өзге тұжырымдамаларды зерделеу арқылы мемлекеттік басқарудағы ұлттық кодтың төмендегідей тұжырымдамалық анықтамасына келген болатынбыз.

**Ұлттық код – тарихы, мекені, мақсаты, болашағы ортақ халықтың тілі, мәдениеті, болмысы мен дәстүрлерінің жүйесі. Мемлекеттік басқарудағы ұлттық код толеранттылық пен мультимәдениетті сақтауда жеке этносқа емес тұтас ұлтқа тән құбылыс.**

**Мемлекеттік қызметшілер мен халық арасындағы ағымдағы жағдайды зерделеу.**

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы

уақытта қазақ тілінің рөлін күшейту туралы: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі арта түседі. Оның лингва франкаға айналатын уақыты келеді».

2019 жылы Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аяқталды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

Мемлекет әрбір азаматқа қазақ тілін үйретуге мүдделі. Бұл үшін қомақты қаржы бөлініп отыр.

Қазіргі уақытта республиканың барлық аймақтарында 99 мемлекеттік орталық жұмыс істейді, онда оқыту тегін жүргізіледі. Орталықтар мемлекеттік қызметшілерді, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлерін, жұмыссыздарды, зейнеткерлерді, үй шаруасындағы әйелдерді және Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға көшкен азаматтарды оқыта алады. Курстар ересектерге арналғанын ескеріңіз.

2019 жылы тілдерді оқыту орталықтарында 70 757 адам қазақ тілі курстарынан өтті. Оқыту үдерісіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу мақсатында көптеген орталықтар қашықтан онлайн режимінде курстар өткізеді. Мемлекеттік тілді үйренемін деушілерге «Тіл-құрал» веб-сервисі дербес құрылды. Мемлекеттік бағдарлама аясында барлығы 20-дан астам осындай порталдар құрылып, жұмыс істеуде.

Қазақ тілін меңгеру деңгейі ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша анықталады. 2013-2019 жылдары осы жүйе арқылы 364 290 адам тестілеуден өтті. 2019 жылы тестілеуден 38 461 адам өтті, оның ішінде 15 835 мемлекеттік қызметші және 18 647 мемлекеттік қызмет көрсететін ұйымдардың қызметкерлері.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің мәліметінше, Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бағалау туралы қорытындыны қалыптастыру барысында ұсынылған «Қазтест» жүйесі бойынша анықталған, мемлекеттік тілді В1 деңгейінде С1 деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызметшілер:

2015 жыл: жоспар: В1 – 12%; С1 - 1%; факт: В1 - 29,7%; С1 - 1%, артығымен орындалды;

2016 жыл: жоспар: В1 - 20%; С1 - 5%; факт: В1 - 22,6%; С1 – 1,6%, қол жеткізілмеген;

2017 жыл: жоспар: В1 – 28%; С1 - 8%; факт: В1 - 42,2%; С1 – 1,4%, қол жеткізілмеген;

2018 жыл: жоспар: В1 – 30%; С1 - 9%; факт: В1 - 32,7%; С1 – 3,6%, қол жеткізілмеді;

2019 жыл: жоспар: В1 – 35%; С1 - 10%; факт: В1 - 33%; С1 – 3,2%, жеткен жоқ.

Қазтест жүйесі бойынша анықталған мемлекеттік қызметтерді көрсететін ұйымдар қызметкерлерінің, сондай-ақ ұлттық компаниялар мен ұлттық холдингтер қызметкерлерінің мемлекеттік тілді В1, С1 деңгейінде меңгерген



үлесі:

2015 жыл: жоспар: B1 – 6%; C1 - 2%; факт: B1 - 33%; C1 - 2%, артығымен орындалды;

2016 жыл: жоспар: B1 - 10%; C1 - 5%; факт: B1 - 31,7%; C1 – 8,3%, артығымен орындалды;

2017 жыл: жоспар: B1 – 14%; C1 - 7%; факт: B1 - 49%; C1 – 1,2%, қол жеткізілмеген;

2018 жыл: жоспар: B1 – 32%; C1 - 8%; факт: B1 - 32%; C1 – 1,3%, қол жеткізілмеген;

2019 жыл: жоспар: B1 – 35%; C1 - 9%; факт: B1 - 30%; C1 – 4,4%, қол жеткізілген жоқ [42, 43, 44, 45].

Мемлекеттік тілді дамыту шаралары

Қазақстан Республикасында мемлекеттік бағдарламаның іс-шаралар жоспарына сәйкес жыл сайын «Мемлекеттік тіл және БАҚ», «Тіл шебері», «Тілдарын» сияқты республикалық байқаулар, Абай атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің байқауы өткізіледі. , Түркі, славян жазуы мен мәдениеті күндері және басқа да көп форматты іс-шаралар.

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мақсатында құрылған сайттар: «Tilalemi.kz» порталы, «Atau.kz» ономастикалық базасы, «Emle.kz» орфографиялық базасы, «Termincom.kz» базасы, үштілді «Tilmedia.kz» сайты, балаларға арналған «Balatili.kz» сайты, «Тіл-құрал» және «Qujat.kz» (Kuzhat.kz) мемлекеттік тілді үйренуге арналған веб-сервис, толтыру жолын дұрыс толтыру туралы нұсқаулық бар. салалық құжаттарды қазақ тілінде шығару. Түрлі салалық сөздіктер мен энциклопедиялардағы сөздер мен сөз тіркестерін, ескірген сөздер мен енген сөздерді, жаңа сөздерді интерпретациямен онлайн іздеу функциясы бар Sozdikqor.kz порталы құрылды. 2019 жылы портал негізіндегі сөздердің саны 400 мың бірліктен асты [45].

Қоғамда бұл көрсеткіш төмен, яғни мемлекеттік тілдің қолданысы өзінің тиісті деңгейіне жетпеуде.

Ұлттық кодты, оның ішінде қазақ тілін сақтамай жаңғыру мүмкін емес. Оң нәтижелерге қол жеткізу үшін барлық осы баламалардың жиынтығында кешенді шешім қажет.

Мемлекеттік орталық органдар қызметкерлерінің қазақ тілін меңгеру деңгейін дамыту азаматтардың мемлекеттік қызметке жүгіну және алу кезіндегі сенімін арттырады. Бірақ бұл мәселені шешуде қатаң сөгіс пен ұлтаралық шиеленістерді тудырудың қажеті жоқ керісінше жұмсақ итермелеу арқылы әр азаматты өз еркімен келтірген дұрыс. Ол үшін алғашқыда қоғамдағы этностар бір-бірінің дәстүрлерін жіті тану қажет деп есептейміз. Ол үшін магистрлік жобамыздың негізгі жаңашылдығы ретінде «Қазақстан халқының 100 дәстүрі» жобасын ұсынып отырмыз.

Адамдардың әрекетіне ықпал етуге және қолжетімді месседж ілгерілетуге мүмкіндік беретін жаңа көзқарастардың бірі батыс елдерінде танымал итермелеу теориясы болып табылады (the Nudge theory). Адам мінез-құлқын басқарудың бұл технологиясы тікелей бұйрық беру арқылы бір қызмет түрімен айналысуға

мәжбүрлемейді, тек жұмсақ түрде қажетті арнаға қарай «итермелейді». Ағылшын тілінің Кембридж сөздігінде nudge сөзіне келесідей анықтама берілген: біреуді немесе бірнәрсені ақырын итермелеу, біреуді шынтақпен ақырын түрту [51].

Nudge теориясын қолдану (итермелеу теориясы) немесе оның тағы бір атауы либертариандық патернализм, топтық немесе жеке шешім қабылдау үрдісіне оң қолдау көрсету немесе тікелей емес бұйрық беру арқылы ықпал ету мүмкіндігін қарастырады. Бұл теорияға сәйкес күш көрсетіп, мәжбүрлеу мен тікелей бұйрық беруге қарағанда шешім қабылдауға итермелеу өте тиімді. Бұл жерде либертариандық патернализм - бұл патернализмнің жеткілікті түрде әлсіз, жұмсақ түрі екенін атап өтуіміз қажет, себебі мұнда таңдау шектелмейді, күштеп таңылмайды және адамдардың дұрыс емес шешімдер қорғалмайды [51].

«Nudge. Таңдау архитектурасы. Біздің денсаулық, игілік, бақыт туралы шешімді қалай жақсартуға болады» деген 2008 жылы жарыққа шыққан кітаптардан соң итермелеу теориясы атақты бола бастады. Кітап авторы - Ричард Талер, мінез-құлық экономикасы саласының жетекші маманы, Чикаго университеті бизнес мектебінің мінез-құлық ғылымы және экономика профессоры Касс Санстейн, Гарвард заң мектебінің профессоры, мінез-құлық экономикасы бойынша маман, АҚШ-та сөздері ең көп қолданылатын құқық профессоры Ричард Талердің өзі теорияны құрастырғаны және бұрынғы зерттеулерінің нәтижелерін жинақтағаны үшін экономика саласы бойынша Нобель сыйлығының лауреаты атанған [52].

Осы теорияның авторлары Ричард Талер мен Касс Санстейн итермелеу (nudge) «бұл шешім қабылдау үрдісінің кез келген жағы, ол адамдарды таңдау мүмкіндіктеріне ешқандай шек қоймастан белгілі бір түрде өз мінез-құлықтарын өзгертуге итермелейді». Мысалы, еске салу - бұл да итермелеу, ескерту де жатады. Күн сайын GPS навигатор бізді белгілі бір бағытта қозғалуға итермелейді, сондай-ақ ережелер белгілі бір істерді жүзеге асыруға итермелейді. Итермелеудің таңдау еркіндігін толық сақтап қалуы тиіс екендігін ұмытпау маңызды. Сондықтан да бұл саланы көбінесе таңдау архитектурасы деп те атайды.

Жоғарыда аталған Талер мен Санстейннің кітабында мінез-құлықтағы ауытқулар берілген, олар жеке тұлғалардың шешім қабылдау үрдісіне ықпал етеді, мысалы, байланып қалу қателігі (зәкір салу) немесе қолжетімділік, репрезентативтіліктің ықтимал қателігі, оптимизм мен өзіне асыра сенгіштік, бір жаққа ауытқу, кво-мәртебе, фрейминг. Авторлар мінез-құлықтағы қателіктерді зерттеу мен бақылау адамдарды жеке немесе қоғамдық игіліктерді жақсартуға бағытталған белгілі бір шешімдер қабылдауға итермелеуге пайдалануы мүмкін екені туралы көптеген мысалдар келтіреді [51, 121б., 52].

Талердің либертариандық патернализм туралы зерттеуі оның өзге салаларға да таралуына алып келді, кейіннен бұл саясат әлемнің көптеген елдерде де қолданыла бастады. Үкіметтің әрекет идеясын азаматтар мінез-құлқын қалыптастырудың дәстүрлі экономикалық әдістерін жетілдірудің немесе оған қосымша құрал ретінде пайдалануға және қоғамдық басымдықтарды

ілгерілету құралы ретінде пайдалануға барған сайын мүдделіліктері артып келеді. Бүкіл әлем бойынша бірнеше Үкіметте «итермелеу топтары» (Nudge units) деп аталатын топтар пайда болды, олар мінез-құлық ғылымы бойынша сарапшылар тобы таңдауды шектеусіз қалаған әрекеттерді ынталандыруға қабілетті әрекетке араласу әдістемелерін құрастырады. Мысалы, 2010 жылы Ұлыбританияда «итермелеу бойынша бөлімше» құрылды (Behavioral Insights Team), соған ұқсас құрылымдар Австралияда, Германияда, Голландияда, АҚШ-та тағы басқа елдерде қызмет етеді. Халықаралық банк мәліметтері бойынша жақын арада әрекет идеяларының одан әрі таралуы күтілуде [51, 122б.].

Ғалым-бехевиористердің көптеген зерттеулері мемлекеттік реттеудің классикалық әдістерімен қатар оларға балама немесе қосымша ретінде әрекетке итермелеудің өзіндік ерекшелігі бар және сонымен қатар болашағы зор тетіктері сәтті қолданылуы мүмкін екенін көрсетеді. Бұл әдістерді мемлекеттік басқаруды қолданудың дамуы мен тәжірибеде қолданылуының негізделуі дәстүрлі реттеу тетіктерінің жеке тұлғалардың рационалды ойлауына негізделетіні, ал әрекет тетіктері түрлі салаларда мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүзеге асырудың нәтижелілігін арттыру үшін жаңа мүмкіндіктер береді, ол нақтылы адамдарға тән болып келетін психологиялық факторлар мен когнитивтік шектеулерді есепке алынады. Көптеген жағдайларда мұндай құралдарды қолдануға жұмсалатын шығын шамалы мұның өзі оларды алға қойылған мақсаттарды шешу үшін аз шығын жұмсау арқылы қолдануға мүмкіндік береді.

«Итермелеу» әдісі реттеудің түрлі саласында қолданылады. Мінез-құлық әдістері экономикалық қана емес, сонымен қатар өзге де сипаттағы неғұрлым оңтайлы шешімдер қабылдауды ынталандыру үшін қолданылады. «Nudge» теориясының авторлары реттеудің үш бағытын таңдап алды, олардың шеңберінде әрекетке итермелеу жиі қолданылады:

1. Дербес қаржылық шешім қабылдау;
2. Мемлекет алдындағы міндетін орындау;

Қорларды үнемдеу және қалдықтармен жұмыс жасау [51, 123б.].

Мысалы, осы итермелеу стратегиясы АҚШ-тың Техас штатында қоқыспен күрес барысында сәтті пайдаланылды. Мұның алдында жақсы жоспарланған және күшті демеушілік жасалынған жарнама компаниясы адамдарды жолға қоқыс шашпауға шақырған, қоғам да үлкен резонансқа ие болғанына және әркімнің азаматтық борышына назар аударғанына қарамастан нәтижесіз аяқталды. Статистика бойынша 18 жастан 24 жасқа дейінгі ер азаматтар ең көп қоқыс тастаушылар болып табылады. Олар бұл үндеуді өздерінің мінез-құлықтарын өзгерткісі келетін бюрократтардың әрекеті деп бағалады. Сол кезде шенеуніктер «Техастың шынайы рухына шақырған тікелей үндеу» қажет деген қорытындыға келді. Ең естіп тыңдау қабілеті төмен аудиторияға тікелей үн қату қажет болды. Тележарнамаға қатысуға әкімшілік «Даллас Ковбойз» футбол клубының ойыншыларын тартты, олар «Техаспен ойнамандар!» деп ұрандатып жүріп қоқыс жинады, сыра банклерін өз қолдарымен жинады. Бұдан кейін танымал әншілермен жаңа роликтер түсірілді, «Техаспен ойнамандар!» деген үндеумен тауарлар шығара бастады. Бұл осы

үндеуді техастықтардың 95% білуіне алып келді. 2006 жылы көпшілік дауыспен оны Американың үздік ұраны деп таныды. Компания ұйымдастырғаннан кейінгі бірінші жылы штаттағы қоқыс көлемі 29% азайса, ал алты жыл ішінде жол шетіне лақтырылған қоқыс көлемі 72% азайды. Және бұған талап қою, күштеу, қорқыту арқылы емес, шебер итермелеу арқылы қол жеткізілді [51, 123б.].

Тағы да бір американдық штат Монтанада, мысалы, білім беру мекемесінде көлемді компания өткізілді. Негізгі назар штат тұрғындарының көпшілігінің ішімдік ішпейтініне аударылды. Студенттер арасындағы алкогольге деген көзқарасты өзгерту үшін Монтана штаты университеті студенттерінің басым көпшілігі (81%) аптасына төрт немесе одан аз ішімдік ішетініне аударылды. Осындай әдіс темекі шегумен күрес кезінде де қолданылды. Хабарламада Монтананың жасөспірімдерінің көпшілігі (70%) темекі шекпейтіні туралы хабарланды. Осы стратегия әлеуметтік көзқарастарға ықпал етті және темекі өнімдерін пайдалану көлемінің азаюына алып келді [51, 52 123б.].

Қазіргі кезеңде әлемде мінез-құлыққа итермелеу әдісінің жария саясат әдісі ретіндегі танымалдығы елеулі көлемде өсіп келеді. 150 жуық ел осындай технологияларды қолданады, 20 астам елде мемлекеттік органдарда мінез-құлықты реттеу бөлімшелері құрылған немесе қоғам мүдделері жағынан алып қарағанда оптималды болып табылатын жеке шешім қабылдауға «итермелеу» саясатын құрастыратын орталықтар жұмыс жасайды. Мінез-құлықты реттеуді институттандырудың үш негізгі нұсқасын бөліп көрсетуге болады. Бірінші нұсқада норма шығармашылығы үрдісінде бихевиористік әдістерді қолдануды бақылау мен үйлестіру ұсыныстарын қалыптастыру бойынша қызмет реттеу саясатын жүзеге асыру саласында қызметті жүзеге асыратын қолданыстағы орталық билік органы бөлімшелерінің біріне жүктеледі. Мұндай бекітуге АҚШ-ты мысалға келтіруге болады. Екіншісінде - мінез-құлық экономикасы әдістерін қолдану арқылы шешім қабылдауға маманданған жеке орган құрылады. Оған мысалға Ұлыбританияны келтіруге болады. Үшінші нұсқа - жекелеген ведомстволар деңгейінде бихевиористік әдістерді қолдану бойынша бөлімшелер құрылады. Бұл нұсқа атап айтқанда Данияда қолданылады [51].

Жоғарыда сипатталған nudge теориясын қолдану арқылы «Қазақстан халқының 100 дәстүрі» жобасы ұсынылады.

Аталған жобаның әзірленген тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Ақпарат және әлеуметтік даму министрлігінің Этносаралық қатынастарды дамыту комитетіне жолданатын болады.

**Жобаның негізі: Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын және Қазақстан халқы Ассамблеясын дамыту тұжырымдамасын (2025 жылға дейін) іске асыру.**

**Ұйымдастырушылар:**

- Қазақстан халқы Ассамблеясы
- Қоғамдық келісім, Қазақстан Республикасы Ақпарат және әлеуметтік даму министрлігінің Этносаралық қатынастарды дамыту комитеті

- облыстық және оған теңестірілген әкімдіктер, ішкі саясат басқармалары, мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы, жастар саясаты басқармасы, дін істері басқармасы.

**Қолдау көрсететін:**

- Қазақстан Республикасы Ақпарат және әлеуметтік даму министрлігі
- «АМАНАТ» партиясы» қоғамдық бірлестігі
- Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
- Ұлттық академиялық және жергілікті кітапханалар
- Республикалық БАҚ, соның ішінде этникалық БАҚ (теледидар, газеттер, интернет, әлеуметтік желілер).

**Өзектілігі :** көршілес елдерде соңғы кездегі геосаяси оқиғалар аясында этносаралық келісімді сақтау осыған байланысты күн сайын өзекті бола түсуде, барлық этностардың дәстүрін дәріптеу ұлт татулығы мен келісімін сақтауға септігін тигізеді.

**Мақсат «Қазақстан халқының 100 дәстүрі»** республикалық мәдени-ағартушылық жобасы ( *бұдан әрі – Жоба*) этностардың салт-дәстүрлері мен жалпы ұлттық рухани құндылықтарды меңгеру процесінде азаматтық қағидаттар бойынша қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту (*мәдениет, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, әдет-ғұрып*).

Жалпы, Жобаны жүзеге асыру әрбір адамға бүкіл халықтың дәстүрін зерделеуге және олардың жалпы гуманизм идеясын түсінуге мүмкіндік береді.

**Жобаның міндеттері:**

- 1) қоғамдық сананы жаңғырту ;
- 2) дәстүрлерді сақтау және дамыту, біріктіруші фактор ретінде ұлттық кодтың рөлін күшейту және Қазақстан халқының мәдениеті;
- 3) қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлерін тәрбиелеу;
- 4) Қазақстан халқының салт-дәстүрін оқыту арқылы патриоттық тәрбие беру және қоғамдық белсенділікті арттыру;
- 5) Қазақстан халқының мәдениетін, дәстүрі мен әдет-ғұрпын білу арқылы азаматтардың толерантты қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру ;
- 6) қазақстандық этностардың өкілдерін қолдау және ынталандыру;
- 7) ұлттық бейбітшілік пен келісімді сақтау институты ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін күшейту .

**Жоба мазмұны:**

Жоба екі кезеңде жүзеге асырылады:

- аймақтық;
- республикалық.

Облыста әзірленген жоспарға сәйкес кезең жергілікті ерекшеліктерді (этникалық топтардың саны, жергілікті халық құрамының біртектілігі, олардың әлеуметтік белсенділігі мен аймақтың әлеуметтік-экономикалық өміріне араласуы) ескере отырып, этностардың салт-дәстүрлерін тәрбиелеуге бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылады және жалпы жүзеге асыру

шеңберінде республикалық мәдени-ағартудың мақсат-міндеттері «Қазақстан халқының 100 дәстүрі» жобасы.

Жобаны өңірлік деңгейде іске асыру нәтижелері бойынша қорытындылар шығарылады және белсенді қатысушылар марапатталады (жергілікті ұйымдастырушылардың қарауы бойынша).

«Қазақстан халқының 100 дәстүрі» республикалық мәдени-ағартушылық жобасының жалпы қорытындысын шығару қарастырылған.

**Жобаның негізгі орындаушылары:** «Қоғамдық келісім» этномәдени бірлестіктер мен азаматтық қоғам институттары (келісім бойынша) (облыстық кезең).

**Жобаның бағдарламасы мен іс-шаралары:**

Іс-шара жоспарын әзірлеу (этномәдени бірлестіктер мен азаматтық қоғам институттарының ұсыныстарын ескере отырып, 100 дәстүр тізімін жасау). Жоспарды 2022 жылдың 1 желтоқсанына дейін этносаралық қатынастарды дамыту комитеті Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірлесіп әзірлеуі тиіс. Бұл жоспар 2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін одан әрі іске асыру үшін ҚХА және жергілікті атқарушы органдарға жіберіледі.

Жоспар құру кезінде бірнеше этностардың дәстүрлерінің ықтимал ұқсастығын ескеру қажет. Мысалы, қырғыздарда «суйунчу», ал қазақтарда «сүйінші» сәйкесінше, «бешит той» - «бесік той», «тушоо кусуу» - «тұсау кесу», «мүчол жаш» - «мүшел жас», «кыз узатуу» - «кыз ұзату» және басқа.

100 дәстүрді таңдағанда жасампаздық пен ұлттық бірлік пен қазақстандықтардың игілігі идеяларын ұстану және ұлттардың дәстүрлері адамгершілік құндылықтарына бағытталғанын баса көрсету қажет.

**Жобаны іске асыру тетіктері және ресурстармен қамтамасыз ету:**

Жергілікті атқарушы органдар Жоба туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде орналастыруды қамтамасыз етеді, содан кейін қорытынды ақпаратты (жоба нәтижелерін) **2023 жылғы 1 қыркүйекке дейін ММ Қоғамдық келісімге жіберіледі.**

Аталған мекеме Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне **2023 жылғы 30 қыркүйекке дейін жібереді.**

Жалпы, жобаны іске асыру қосымша қаржы ресурстарын қажет етпейді, қажет болған жағдайда республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат есебінен және шегінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы.

Жоба туралы ақпаратты БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы тарату жоспарлануда. «Қазақстан халқының 100 дәстүрі» жобасы туралы жаңалықтар Қазақстан халқы Ассамблеясының [www.assembly.kz](http://www.assembly.kz) ресми сайтында [орналастырылады](#).

**Жобаны іске асырудан күтілетін нәтижелер :**

Жобаны іске асырудың нәтижелері мыналар болуы керек:

1) барлық қазақстандықтардың салт-дәстүрлеріне қоғамның қызығушылығын кеңейту ;

- 2) барлық этностарға өзара сыйластықты арттыру , толеранттылықты сақтау;
- 3) ұлттық құндылықтарды тәрбиелейтін еріктілер санын арттыру ;
- 4) ҚХА-ның қоғамдық рөлін күшейту арқылы Қазақстан халқының бірлігін сақтау.

Сонымен қатар, магистрлік жоба шеңберінде жергілікті басқаруда этносаралық қатынас мәселелерін дамыту мүдделерімен айналысатын тұлғалардың құзыреті заң жүзінде бекітілмегендігі анықталды. Сондықтан магистрлік жоба арқылы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 29-бабының 1-тармағын 1-3) тармақшасымен толықтыру туралы ұсыныс жасаймыз.

29-бап. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің құзыреті

1.Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

1-3) атқарушылық биліктің мемлекеттік саясатын патриотизм, толеранттылық пен мультимәдениет, этносаралық қатынас мәселелерін дамыту мүдделерімен және қажеттіліктерімен үйлесімдікте жүргізуді қамтамасыз етеді.

## **Қорытынды**

Қазіргі таңда ортақ мүддеміз болып отырған тұғырлы тәуелсіздігімізді сақтап қалу мен Жаңа Қазақстанды құру жолында парасатты көрегенділігіміз бен бірлігіміздің маңызы зор. Алпауыт елдердің әлемдік экономикада алар орны белгілі. Ал Қазақстанның 30-жылдық тәуелсіздігі тарихи тұрғыдан ұзақ мерзім емес. Сондықтан экономикалық хал-ахуалымызды, геосаяси жағдайымызды одан әрі тұрақтандыру жолында атқарар жұмыс жеткілікті.

Экономиканың, ғылыми-техниканың қарыштап даму кезеңінде бір орында тұру немесе баяу қозғалу мүмкін емес. Қазіргі болмысымызға сәйкес шапшаң қимылдап, дұрыс шешім қабылдаған абзал. Тарих беттерінен тағдырдың тауқыметіне ұшырап, оқыс қимылы мен қателіктері салдарынан мемлекеттілігінен айырылған немесе экономикалық күйзеліске, қанды қақтығысқа ұшыраған елдерді келтіруге болады. Мәселен, Ливия, Сирия немесе жанымыздағы Украина.

Сондықтан қазіргі Жаңа Қазақстанымызды құру жолында саралы, сапалы саясат ұғымдарына жіті мән берген абзал. Ол дегеніңіз тек ғылыми-техникалық революция мен нарықтық экономикаға бейімделу немесе материалдық дүниені ғана дамыту емес. Ол – мемлекетіміздің тәуелсіздігін, тұтас территориясын, ұлтаралық бірлігін сақтап қалудың жолында жан-жақты қаралатын құбылыс. Мемлекеттің даму жолында материалдық құндылықтарды дамытумен қатар, рухани құндылықтардың маңызды ролін нақты белгілеу қажет.

Себебі халықты бір мемлекет шаңырағының астына біріктіретін ол оның ортақ ұлттық идеяларының болуында. Осы тұста ұлттың болмысы - оның бірегейлігін анықтайтын ұлттық кодынан бастау алатындығын ескеруіміз қажет. Өзгермелі қоғамда мемлекетте нақты бір идея қалыптастырылып, оның ұзақмерзімді өміршең болуы екіталай. Ұлттық идея заман талабына, қоғам сұранысына сәйкес өзгереді. Сондықтан ұлымыздың ұлттық кодына жаңа серпін беріп, жаңғыруы жолында ұлттық болмысымызды қайта саралағанымыз дұрысырақ болар.

Мемлекет тұтастығын сақтап қалудағы негізгі құндылықтарының бірі – ұлттық идея.

Осы тұста ұлттық идея бір ғана жеке дара ұлттың құндылықтарынан құралмайтындығын ескеруіміз қажет. Әсіресе біздің көпұлтты мемлекетімізде ұлттық идея елімізде өмір сүріп жатырған барлық ұлттардың болмысының шеңберінде қаралуы тиіс. Сонда ғана Конституциямызда көрсетілген қазақ жерінде құрылған мемлекеттің мәңгілік еркіндік, теңдік, татулық мұраттарына жететіні сөзсіз. Бұл кейбір пікірбірдірушілердің ойындағындай қазақилығымыздан арылу, қорқыныш немесе жалтақтықтың салдарынан пайда болған ой емес, бұл мемлекеттің біртұтастығын, бірегейлігін сақтап қалуда күшейтілуі тиіс көрегенділік пен парасаттылықтың салдарынан пайда болатын гуманизм идеясын қолдау арқылы бірінші елдер қатарына жетуге ұмтылыс.

Ол үшін Жаңа Қазақстанға ұлттық бірегейлігімізді сақтай отырып, жаңа көзқарастар мен жаңа сана қалыптастыру бағытын ұстану қажет. Еліміздегі митингтер мен түйткілдерден қоғамда халықтың басқару жүйесіне деген



сенімсіздігі, сауатсыздық салдарынан іріткі салушылар қатарына енуі, үнемі мемлекеттен талап етуі, тәуелді болуы, қоғамның құрбаны ретінде сезінуі сипатындағы көңіл-күйлер байқалады.

Бұл кертартпа көңіл-күйді түзету бағытында жаңа қоғам құру үшін жаңа сана қажет. Мемлекеттіміздің азаматтарын «Мемлекет маған не береді?» деген сұрақтан бұрын «Мен мемлекетке не беремін?» деген сұрақ қоя білу деңгейіне жеткізу қажет. Ол үшін ұлттық насихаттау жұмыстары тиісті деңгейде жүргізілуі тиіс. Патриоттықты дәріптейтін шаралар бір реттік тұрғыдан көрі үнемі дәріптелуі тиіс. Ол үшін жобамызда зерделенген Nudge теориясын қолдану қажет. Сонымен қатар қалың бұқараның саяси білім көзін ашу қажет. Әсіресе халықтың ішкі саясат пен сыртқы саясат туралы толық түсініктері қалыптасқан жағдайда ұлтаралық қақтығыстарға, елге іріткі салушы түрлі правокаторларға берілмей толеранттылығымызды сақтауға бағытталады.

Nudge теориясымен енгізілетін «Қазақстан халқының 100 дәстүрі» жобасы мен магистрлік жоба шеңберінде «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 29-бабының 1-тармағын 1-3) тармақшасымен толықтыру арқылы қоғамда оң идеялардың орын алуын итермелеуге болады. Олар:

- ұлттық бірегелікті сақтау
- жаңа білімге ұмтылыс
- ұлтаралық татулық
- патриоттықты арттыру
- ұлттық идеяны, кодты ұстану
- ұлттық құндылықтарды дәріптеу
- мемлекеттік тілді дамыту
- прагматиклық көзқарас қалыптастыру.

Аталған теорияны дұрыс қолдану нәтижесінде қоғамдағы кертартпа көңіл-күйлер сейіліп,

- ұлттық бірегейлік сақталады
- халықтың сауаттылығы
- мәдени деңгейі
- патриоттық сезімдері артады
- ұлттық коды мен идеясы анықталады, нақтыланады
- ұлттық құндылықтары бірізділендіріледі
- мемлекеттік тіл мәселесі шешіледі
- прагматизмге қол жеткізіледі.

Осылайша, Nudge теориясын қолданып, жұмсақ итермелеу арқылы бүкілұлттық сананың жаңғыруы мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырады.

## Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.
- 2 Қазақстан Республикасы бірінші Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, - атты Қазақстан халқына жолдауы.
- 3 Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2021-2023 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ресми сайты. <https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/documents/details/205407?lang=ru>. Соңғы жүгіну уақыты: 11.05.2022 ж.
- 4 Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы
- 5 Научно-практический комментарий (Конституционный Совет Республики Казахстан, 2018г.) <https://online.zakon.kz>
- 6 Байменов А. 2020. Как починить машину госуправления [https://baigenews.kz/news/alikhan\\_baymenov\\_gosupravlenie\\_kazakhstan/](https://baigenews.kz/news/alikhan_baymenov_gosupravlenie_kazakhstan/) [16.]
- 7 Әл-Фараби Ә. Н. Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайында трактат [40-41 б.]. <http://adebiportal.kz/upload/1/2017/06/01/0b069ca758aaac68af4f1fa1c45c273f.pdf> Соңғы жүгіну уақыты: 15.02.2021 ж.
- 8 Баласағұн Ж. 2006. Құтты білік. Көне түрк тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубай. 2-ші басылым. – Алматы: «Өлке»: 640 б [142,153,199,531б].
- 9 Әл-Фараби Ә. Н. 1975. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы: Қазақ ССР-нің «ҒЫЛЫМ» баспасы, «Бақыт жолын сілтеу» [5 б.], «Азаматтық саясат» [131 б.].
- 10 Атаманчук Г. В. Теория государственного управления. – 2010.
- 11 Соловьев А. И. Политическая теория, политические технологии //М.: Аспект-пресс. – 2000.
- 12 Мухаев Р. Политология. – М.:Приор-издат, 2002.
- 13 Дьяченко С.А. Искусство возможного. – Астана: Издательский дом «Ақарман», 2008.
- 14 Чиркин В.Е. Система государственного и муниципального управления: учебник / М.:Норма, 2008.
- 15 Б.Қойшыбаев, «Ұлттық код – рухани болмыс кілті», «Егемен Қазақстан» газеті, 19.06.2017 <https://egemen.kz/article/153991-ulttyq-kod-%E2%80%93-rukhani-bolmys-kilti>. Соңғы жүгіну уақыты: 09.09.2021 ж.
- 16 Барт Р. Избранные работы: Семиотика: Поэтика: пер. с фр. / сост., общ. ред. и вступ. ст. Г. К. Косикова. – М.: Прогресс, 1989. – 616 с.

- 17 Быкова О. И. Образная составляющая как релевантный признак этноконнотата // Вестн. ВГУ, Серия «Лингвистика и межкультурная коммуникация». – 2005. – № 1. – С. 34–40. 3.
- 18 Красных В. В. Коды и эталоны культуры (приглашение к разговору) // Язык, сознание, коммуникация: сб. ст. / отв. ред. В. В. Красных, А. И. Изотов. – М.: МАКС Пресс, 2001. – С. 5–19.
- 19 Культурный код [Электронный ресурс] // Википедия – версия энциклопедии на русском языке. – URL: [http:// ru.wikipedia.org/wiki/ Соңғы жүгіну уақыты: 2.04.2022 ж.](http://ru.wikipedia.org/wiki/Соңғы_жүгіну_уақыты: 2.04.2022_ж.)
- 20 Рапай К. Культурный код: как мы живем, что покупаем и почему: пер. с англ. – М.: Альпина Бизнес Букс, 2008. – 167 с
- 21 Худолей Н.В. Культурный литературный код современного российского читателя Вестник КемГУКИ 29/2014 г. Красноярск, РФ
- 22 Қазақстан Республикасының бірінші Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы.
- 23 Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақала «Егемен Қазақстан» газеті, 5.01.2021 ж.
- 24 Гуревич Э.М. «Сингапур: утверждение государственной идентичности», «Юго-Восточная Азия в 2001 г.», М., ИВ РАН.
- 25 Ли Куан Ю. «Сингапурская история: Из «третьего» мира в «первый» (1965-2000), Глава 11. «Много наречий – один язык».
- 26 Астафьева Е.М. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ПОЛИТИКИ «НАЦИЕСТРОИТЕЛЬСТВА» В СИНГАПУРЕ <https://cyberleninka.ru/> Соңғы жүгіну уақыты: 17.02.2022 ж.
- 27 Бурстин Д. Американцы: Национальный опыт. М.: Погресс – Литера, 1993. – 624с.
- 28 Шаклеина Т. А. Россия и США в новом мировом порядке. – М: Институт США и Канады РАН, 2002. – 445с.
- 29 Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген.
- 30 Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығымен бекітілген.
- 31 Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Қазақстан халқына Жолдауы
- 32 Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» Қазақстан халқына Жолдауы
- 33 Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Қазақстан халқына Жолдауы

- 34 Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Қазақстан халқына Жолдауы
- 35 Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 2 қыркүйектегі «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына Жолдауы
- 36 Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына Жолдауы
- 37 Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қазандағы Заңы
- 38 Қазақстан халқы Ассамблеясының (2025 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 148 Жарлығымен бекітілген
- 39 Пинкер Стивен «Тіл – инстинкт.» – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл
- 40 Бартлетт Стив, Бертон Диана «Білім берудегі зерттеулер. Кіріспе.» – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020.
- 41 Лурье С. В. Тарихи этнология. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020 жыл.
- 42 Государственная программа по реализации языковой политики в Республике Казахстан на 2020 – 2025 годы
- 43 Развитие и функционирование государственного (казахского) языка [https://egov.kz/cms/ru/articles/culture/kurs\\_kazakhskogo\\_yazika](https://egov.kz/cms/ru/articles/culture/kurs_kazakhskogo_yazika)
- 44 Мемлекеттік тілдің ахуалы жөніндегі сараптама <https://abai.kz/post/8221> Соңғы жүгіну уақыты: 16.02.2021 ж.
- 45 Қазіргі кездегі қазақ тілінің мәртебесі <https://adyrna.kz/post/35222> Соңғы жүгіну уақыты: 19.01.2021 ж.
- 46 Б.Қалиев, Ж.Түймебаев, Ш. Құрманбайұлы, С.Исакова. "Мұқағали тілі" сөздігі. – Алматы, 2017
- 47 С.Құлманов. Орысша-қазақша терминологиялық анықтамалық сөздік (халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласы). – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту орталығы, 2009. –344 б.
- 48 А. Болатжан. Орысша-қазақша терминологиялық анықтамалық сөздік (заң және құқық саласы).– Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту орталығы, 2010. –324 б.
- 49 Қ.Б. Жарықбаев. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. Сөздік словарь баспасы. 2006. - 387 б.
- 50 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том. /Құраст.: Ж.Манкеева, С.Бизақов, Ә.Жүнісбек және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.
- 51 Қоғамдық сананы жаңғырту: тұжырымдамалық және әдіснамалық тәсілдер. – Нұр-Сұлтан: «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ, 2020 ж.
- 52 Талер Р., Санстейн К. Nudge. Архитектура выбора. МИФ: 2017



**Қосымша**  
**Аналитикалық жазба**

Жоба авторы: Аткиева А.А.

Ғылыми жетекші: Адалиев Н.К.

<b>Жобаның идеясы</b>	Мемлекеттік басқарудағы ұлттық кодтың рөлі
<b>Проблемалық жағдай (кейс)</b>	<p>Стратегиялық құжаттарға талдау жасау барысында олардың өне бойында адам және адами құндылықтар, ұлттық құндылықтар, ұлт тұтастығы, ұлт татулығы мәселелері көтеріліп, мемлекеттілігімізді сақтау мен дамытуда бұлжымас мақсат-мүддімізге айналғандығы белгілі [1, 2].</p> <p>Осы тұста назар аударарлық мәселе қоғамдық сананы жаңғырту қаражат мәселесінен гөрі сол қоғамдық сананы жаңғыртуға жасалып жатырған шарлардың қоғамға дұрыс берілуі, ұсынылу тәсілдері.</p> <p>Ұлттық сананы жаңғыртуда белгілі бір шектеулер мен қатаң талаптар кертартпа әсер етуі мүмкін. Сондықтан, ұлттық код мәселесін ақырын, кезең-кезеңімен қоғамды дайындау арқылы енгізу мүмкін болады.</p> <p>Осы тұста басты қиындық туғызатын мәселе ұлттық код терминінің нақты анықтамасының болмауы, ұлттық кодтың мемлекеттік басқарудағы қолданысының жеткіліксіздігі яғни, жергілікті мемлекеттік басқаруда жауапты тұлғалардың құзыретіне нақты бекітілмеуі.</p> <p>Жұмыс барысында ұлттық код терминіне тұжырымдамалық анықтама беруге талпыныс жасалды. Әрине магистірлік жоба шеңберінде Ұлттық код пен жаңа Қазақстанның бейнесіне толық анықтама беру мүмкін еместігі белгілі. Бұл тіпті дәл қазіргі тарихи кезеңімізде зерттеу ұжымдарының қол жеткізуін де қиындатады себебі, ұлттық идея қоғамдық-саяси процессте пайда болады. Дегенмен, осы сұрақ төңірегінде дәлелді жұмыстардың көптеп жарық көруі осы проблемада неғұрлым негізді әрі жылдам нақтылыққа қол жеткіземіз деп есептейміз.</p> <p>Сондықтан, ұлттық кодымыздың құраушы бөлігі дәстүр жалғастығын жаһандануға сай жаңғыртып таныту мәселесінің өзектілігі жылдан-жылға толастамауда.</p>
<b>Аталған мәселенің бар шешімдері</b>	<p>Аталған бағытта жауапты мемлекеттік органдар мен арнайы институттар тиісті шаралар атқаруда. Мәселен, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, оның құрылымдық бөлімшелері, Рухани жаңғыру Департаменті, Этносаралық қатынастарды дамыту комитеті сонымен қатар, «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты, «Рухани жаңғыру» орталығы, Қазақстан халқы Ассамблеясы. Осы мекемелердің Стратегиялық құжаттарға негізделген арнайы жоспарлары бекітіліп, солардың төңірегінде қоғамдық сананы өзгерту, жаңғырту бағытында іс-шаралар жүргізілуде, оларға қаражат та бөлінуде. Ол үшін Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің арнайы бюджеттік бағдарламасы да бекітілген, оның мақсатының бірі, ақпарат, мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы, қоғамдық сананы жаңғырту, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, конфессияаралық және этносаралық келісім салаларында мемлекеттік саясатты іске асыру. Ал бағдарламаның нәтижелері осы мақсаттарда көрсетілген салаларындағы қызметінің 100% жұмыс істеуін қамтамасыз ету және «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруға тартылған халықтың үлесін 2022 жылы кемінде 32%, 2023 жылы кемінде 33% жеткізу[3].</p>

<b>Ұсынылатын шешім</b>	Ұлттық код терминінің тұжырымдамалық анықтамсы беріледі; «Қазақстан халқының 100 дәстүрі» жобасы ұсынылады; «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 29-бабына өзгеріс енгізу [4].
<b>Күтілетін нәтижелер</b>	Жобада ұсынылған практикалық тәсілдерді (Nudge теориясы) қолдану арқылы жалпы қоғамдық сана өзгереді. Мемлекеттегі этностар бір-бірінің дәстүрін жіті тану арқылы тұрмысын түсінеді, ұлтаралық келісім артады, тұтас ұлт құру, жаһандану үдерісіне ену үшін кең ойлау пайда болады, сана өзгереді. Адамға бағдарланған мемлекеттік моделі қалыптастырылып, азаматтардың мемлекеттік басқаруға сенімі артады.
<b>Әдебиет</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.</li> <li>2 Қазақстан Республикасы бірінші Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, - атты Қазақстан халқына жолдауы.</li> <li>3 Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2021-2023 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ресми сайты.<a href="https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/documents/details/205407?lang=ru">https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/documents/details/205407?lang=ru</a>. соңғы жүгіну уақыты: 11.05.2022</li> </ol>